ғылыми-әдістемелік журнал научно-методический журнал

# СОҚПАҚ
# Тропинка

№2 (97) сәуір 2022 жыл

Балалар жылы 2022



*"Бала тәрбиесін, оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерді өзі жақсы білуі керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл - сарайын танитын адам болуы керек. Оны білуге баланы туғаннан бастап өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын іздеуі керек, баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болуы керек."*

*Ахмет Байтұрсынов*

Evrasia_centre@mail.ru Vk.com/tourism.07 Tourism07.kz Tourismzko.kz

# ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО РЕДАКЦИИ И ЧИТАТЕЛЯМ РЕСПУБЛИКАНСКОГО НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ЖУРНАЛА «СОҚПАҚ-ТРОПИНКА»



*Друзья, с удовольствием ознакомилась с вашим журналом. Отметила, что, хотя выпускается он Западно-Казахстанским областным центром детско-юношеского туризма и экологии, география тем и авторов делает его действительно республиканским. И это здорово! Ведь Казахстан не просто 9-я в мире страна по территории, её протяжённость с севера на юг и с запада на восток делают её крайне разнообразной по истории и культуре, по рельефу местности и климату, по растительному и животному миру. И наша святая обязанность – передать потомкам всё это богатство в полной мере, сохраняя и приумножая его.*

*Название журнала кажется мне символичным и точно отражающим его суть. Ведь познавать свои малые родины нужно не по книгам и чужим рассказам, для этого не годятся асфальтированные шоссе. Именно туристские тропы лучше всего подходят для путешествий по родному краю, открывая нам неизведанные доселе места. Именно поисковые тропинки ведут нас в познании своей родины от места к месту, позволяя нам прикоснуться к её прошлому и настоящему, знакомят с обычаями и традициями всех этносов, составляющих народ Казахстана.*

*Экология, краеведение, туризм – вот три кита, на которых стоит тот мир, в котором посредством высококачественного образования наукой и воспитания спортом, творчеством и искусством вырастают настоящие патриоты своей Родины.*

*Желаю журналу «Соқпақ-Тропинка» новых талантливых авторов, новых интересных тем, постоянного роста тиража и выхода за пределы Казахстана, особенно с добавлением к казахскому и русскому языкам ещё и английского.*

*Уполномоченный по правам ребёнка*
*в Республике Казахстан* — *Аружан САИН*

# МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

ЖУРНАЛ ҚР АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2003 Ж.1 ЖЕЛТОҚСАНДА №4482-Ж ТІРКЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІКТЕ ТІРКЕЛГЕН. ЖУРНАЛ ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2021Ж.24 ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЙТАДАН ТІРКЕЛДІ.

№ 1 (96), ақпан 2022 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МККҚ «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология облыстық орталығы» (ОБЖТжЭО)

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының қолдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаған – **Фомин В.П.** ХБЖТжӨА академигі, п.ғ.к.

Шеф-редактор – **Ғ.И. Беккалиев** БҚО әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығының директоры

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрайымы – **А.Ә. Мыңбаева** Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының басшысы

Кеңес мүшелері:
**М.С.Жұмаев** – альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі спорт шебері;
**Д.В.Смирнов** – А.А.Остапец – Свешников атындағы ХБЖТжӨА президенті, п.ғ.к.;
**О.Б.Мазбаев** – ХБЖТжӨА академигі, география ғылымдарының докторы;
**Е.С.Никитинский** – профессор, педагогика ғылымдарының докторы;
**А.З.Абдулхаиров** – доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты;
**А.Г.Шаяхметов** – ХБЖТжӨА академигі.

Редакция алқасы:
**Г.З.Усағалиева** – ОБЖТжЭО директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;
**А.Б.Мұқашева** – ОБЖТжЭО директорының оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
**К.Е.Неталиева** – ОБЖТжЭО туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімінің меңгерушісі;
**Р.С.Альмұханова** – ОБЖТжЭО өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімінің меңгерушісі;
**Н.Х.Гатауов** – ОБЖТжЭО экологиялық туризм бөлімінің меңгерушісі;
**Р.Е.Нұрманов** – ОБЖТжЭО спорттық бағдарлау бөлімінің меңгерушісі;
**В.В.Мазуренко** - ОБЖТжЭО спорт және дене шынықтыру бөлімінің меңгерушісі.

Нөмірмен жұмыс жасағандар:
**Қайрлиева Қ.Ж**. – бас редактор
**Карина Ж.М** – корректор, аудармашы
**Кушекқалиев Ж.Н.** – дизайн, верстка

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Журналда жарияланған материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады. Міндетті түрде сілтеме жасалынуы тиіс.

Жазылым индексі – 75184
Мекемелер мен ұйымдарға – 25184
Редакция мекен - жайы:
090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ., Исатай батыр көшесі, 71/1
Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91
e-mail: evrasia_centre@mail.ru
www:turizmzko.kz

Форматы 214х280мм, офсетті басып шығару.
Таралымы 500 дана
АК «Кокше-Полиграфия» компаниясында басылған, Акмола обл, Көкшетау қ.

Мұқабаның сыртындағы фотолар С.Абулхайровтың жеке суреттерінен

## ӨЗЕКТІ

**Қайрлиева Қ.Ж.**
Мақала жариялаудағы журнал талаптары ..............................2

## ӨЛКЕТАНУ - КРАЕВЕДЕНИЕ

**Ғабдықұл А. Ә.**
«Менің кіші Отаным» тарихи-өлкетану экспедициясының күнделігі ......................................................................................6
**Айдарбекова А.Б.**
Ботай мәдениеті мен оның даму тарихы ..............................11
**Милехин В.В.**
История создания музея в селе Рубежинское .....................15
**Мұса Г.К.**
Ескерткіштер сыр шертеді ...................................................18

## СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАУ

**Нарымбаев Б. М.**
Тасқала ауданындағы спорттық бағдарлаудың дамуы ........21

## ӘДІСНАМА - МЕТОДОЛОГИЯ

**Бородулин В.В., Карина Ж.М.**
Туристік көпсайыс қашықтықтарында техникалық тәсілдерді орындау ..............................................................23
**Сабитов А.Т. , Сарсенгалиев Е.Б**
Туризм үйірмелерінің оқу бағдарламасы.............................29
**Нурманов Р.Е.**
«Спорттық бағдарлау» оқу құралы ......................................33
**Иргусаева А.С., Баландина А.Г.**
Программа дополнительного образования по краеведению «Малая Родина»..........................................................................39

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА
## ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА

**Габдушева Г.М.**
«Экологиялық квест» ойыны ...............................................45
**Утеулиев Қ.Б.**
Қалдығайты өзенінің экологиясы ........................................47
**Альмуханова Р.С.**
«Чемодандағы музей» экскурсия сабағы .............................50
**Нугман А.А.**
Психологический тренинг для педагогов «Успешная команда» .............................................................53
**Ажгалиева А.Ж.**
Бөлме өсімдіктерін күтіп баптауды үйрету технологиясы .........................................................................55
**Айтпукешова И.Ж.**
«Наурыз-татулық пен бірліктің мерекесі» ойын-сауық бағдарламасы.....................................................58

## ГЕОЛОГИЯ

**Субботина О.В., Исенгалиева И.**
Палеонтологические исследования юрского и мелового периода мезозойской эры на территории ЗКО ....................60

## ТУРИСТІК ЖАҢАЛЫҚТАР-ТУРИСТСКИЕ ВЕСТИ

Облыстық «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтар слетінің қорытындысы ..............64



# Мақала жариялаудағы журнал талаптары

**Қайрлиева Қ.Ж.**
Республикалық «Соқпақ-Тропинка» журналының бас редакторы,
Орал қ., БҚО.

*«Нағыз мақала уақыт қыспағына шыдай алады, тарих талғамына батыл жауап бере біледі, оның ғимаратының архитектурасы еңселі, ойлы да, сойлы. Онда ғылыми, концепциялық тұжырымдар, перспективалық маңызы бар ойлар басым болады...»*

***«Қазақ баспасөзі» кітабы***

***Аңдатпа***
*Мақалада баспасөз жанрлары, Республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналының талаптары, журналға берілетін баспасөз материалының сапалық деңгейін арттыру мақсатында мақала тақырыбын таңдау, оны жазудың ерекшеліктері мен жоспары, аңдатпаға қойылатын талаптар, кілт сөздерінің таңдалуы, пайдаланылған әдебиеттерді жазудың ерекшеліктері оқырманға жеңіл, түсінікті түрде жіктелген. Мақала журналға мақала жолдаушы қосымша білім беру педагогтарына пайдалануға бағытталған.*

***Аннотация***
*В статье освещены жанры прессы, требования республиканского научно-методического журнала «Соқпақ-Тропинка», выбор тематики статьи с целью повышения качественного уровня печатного материала, предоставляемого журналу, особенности и план ее написания, требования к аннотации, подбор ключевых слов, особенности написания использованной литературы. Статья рекомендована к использованию педагогам дополнительного образования, направляющим статьи в журнал.*

***Кілт сөздері:*** *мақала, аңдатпа, кілт (түйін) сөздері, мәтін, Республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналы, баспасөз жанры, әдебиеттер тізімі, тақырып.*

«Баспасөз – өмір айнасы» дегендей қосымша білім беру саласының туризм, өлкетану, экология бағытында өзіндік дара жолы бар Республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналының талаптары баспасөз жанрларының талаптарына сәйкес келеді. Баспасөз жанрлары негізінен ақпаратты (хабар, есеп, сұхбат, репортаж), талдамалы (мақала, рецензия, шолу, хат) және көркем-публицистикалық (суреттеме, очерк, публицистика, эссе, баллада) болып бөлініп, мәтіннің мазмұнына, жазылу пішіміне, деректерді іріктеп, сұрыптау немесе жинақтап, талдау ыңғайына, тілдік - стильдік әдісіне қарай айқындалатыны белгілі. [4] Соның ішінде ақпаратты жанрлар (бұл көбінесе «Туристік жаңалықтар» айдарына шығады.) күнделікті оқиғаларды жедел де шынайы түрде хабарлап, жаңалықтар мен өзгерістерді оқырман қауымға қаз-қалпында жеткізуге тырысады. Ал, көптеген қосымша білім беру педагогтерінің қалам тартып жазып жүрген жанры - талдамалы жанрларға (мақалалар) оқиғаларды салыстыра зерттеу, деректер мен мәліметтерді тарата талдап, солардың төңірегінде ой қорыту, бағалау тәсілі тән. Яғни белгілі бір оқиғаларды, құбылыстарды нақты деректер мен мәліметтерге сүйене отырып баяндайды. Әр жанрдың өзіне тән ерекшеліктері мен сипаты, әрі бәріне ортақ белгілері бар. Баспасөз жанрларының негізгі, басты міндеті — өмірдегі нақты оқиғалар мен құбылыстардың күнделікті тізбегін жазу арқылы белгілі бір кезеңнің тарихи шежіресін жасау.

Журналдың баспасөз материалының сапалық деңгейін арттыруда өзіндік талаптарының болуы да орынды. Соңғы жылдары журналдың электрондық сайтын жасақтау мақсатында мақаланың мәтінін, аңдатпасын мен кілт сөздерін жазуда нақты талаптар қойылуда (мұқабаның

4-ші бетінде). Журналға көбінесе мақалалар мен зерттеулер, әдістемелік жұмыстар мен сабақ жоспарлары т.б. жарияланады. Редакция алқасына жас педагогтардың «Мақаланы жазуда неге көңіл аудару керек? Аңдатпаны жазудың ерекшеліктері қандай? Кілт сөздерінің маңыздылығы неде? Әдебиеттер тізімінің тәртібі қандай?» деген сұрақтар келіп түсуде. Осы орайда мақала жазудың ерекшеліктері мен негізгі әдістерін білу үшін интернет желісіне, кітаптарға жүгіндім. Соның ішінде мақала жазу туралы қысқа да нұсқа жазылған «Мақала жазып үйренейік» (А.Құлтай), «Әдемі жазудың 30 ережесі», «Сауатты жазуда мынаны ескерейік» деген жазбалар арқылы мақала жазудың алғышарттары мен әдіс-тәсілін үйренуге болады. [5]

Мақала – публицистикалық стильде белгілі бір деректерге сүйене отырып, белгілі бір тақырыпты қамтитын шығармашылық жұмыс.

Мақала 4 түрге бөлінеді:

**Бас мақала** заманымыздың негізгі бағытын, үкіметтің алға қойған саяси, шаруашылық, мәдени міндеттерді түсіндіріп, іске бағыт береді;

**Проблемалық мақала** шешуді, тексеруді, зерттеуді қажет ететін теориялық және практикалық мәселелерді көтереді;

**Насихаттық мақала** ғылым, техника, өнер жаңалықтары заман талабына сай бүгінгі өмірдің практикалық міндеттерімен байланыстырып отырады;

**Публицистикалық мақала** қоғамдық-әлеуметтік және саяси маңызы зор оқиғалар мен құбылыстарды, дәуір тынысын көтеріңкі үнмен, көркем тілмен баяндайды.

Мақала жазу үшін: әуелі мақалаңыздың тақырыбын (атауын) нақтылаңыз. Бір мақала тек бір тақырыпты ашуы тиістігін ұмытпаңыз. Бірнеше нәрсені қозғап, негізгі тақырыптан ауытқып кетуіңіз мүмкін. Ал бұл өз жолында мәтініңізді түсініксіз етеді. Бір мақала - бір мағына, бір тақырып. Тақырып қойыңыз. Тақырыбыңыз оқырман аудиториясын бір қарағаннан-ақ қызықтыруы тиіс. Тақырып қою шеберлігі болса тіпті керемет. Себебі, тақырып - мақаланың құрылымынан да маңызды. Мақаланың атауын өте көлемді тақырыппен алу қажет емес, неғұрлым шағын тақырып терең және мазмұнға ие болады. Егер тақырып қысқа тұжырымдауға келмесе, оның ортасын қос нүкте арқылы, немесе жақша ішіне жұмыс атауының астына жазған жақсы. Атауды іздеу оңай іс емес.

Тақырыпты ашатын қысқаша үш-төрт сөйлем жазыңыз. Бұл тақырып таңдаудан кейінгі маңызды қадам - лид. Мақалаңыздың негізгі дерегін (факт) белгілеңіз. Факт, ой, мағына. Осының бәрін парақшаға сөздермен түсіріп, жоспар құрыңыз. Сөйлеммен емес, сөзбен. Енді жоспарыңызды оқып шығыңыз. Егер ол тақырыбыңызға сай болып, мағынасын ашып тұрса, мақала жазуға кірісіңіз. Әр сөздеріңізге бір абзацтан арнаңыз. Барлық абзацтың көлемі бірдей болған жөн. Себебі, оқырман мұндай құрылымды тез, әрі жеңіл қабылдайды.

Мақаланың құрылымы жайлы ұмытпаңыз - кіріспе (негізгі ойға қысқаша тоқталу), негізгі бөлім, қорытынды (негізгі ойларыңызды қорытындылаңыз).

5. Мәтіннен бос сөздерді алып тастаңыз. Сөйлемдер бастауыш пен баяндауыштан басталғаны дұрыс. Түсініксіз сөйлемдерді ауыстырыңыз. Бір сөйлем 6-7 сөзден тұруы керек.

6. Мақаланы дауыстап оқып шығыңыз. Стилистикалық қателер мен теріп жатқан кезде кеткен қателерді жөндеңіз. Қайталанатын сөздерді алып тастап, орнын синоним сөздермен толықтырыңыз!

Міне, енді мақалаңыз дайын. Басты ережені ұмытпаңыз, мақала жазудың шебері болу үшін - күнделікті мақала жазып жүрген абзал.

*Аңдатпа* (аннотация) дегеніміз - мақаланың (баяндаманың) негізгі мәселелерінің тізімін қамтитын жұмыстың қысқаша сипаттамасы, яғни қолжазбаның не көркем шығарманың мазмұнына қысқаша мінездеме. Аңдатпа көлемі конференция ұйымдастырушылар немесе ғылыми журналдардың қойған стандарттарына тәуелді. Ол қысқадан (3-5 сөйлем) кеңейтілген аңдатпаға (2 бет) дейін түрленеді. [3]

Аннотация құрылымы: өзектілік, қойылған мәселе, оны шешу жолдары, нәтиже, қорытынды.

Әр бөлімге бір немесе екі сөйлемнен келеді.

Аңдатпада мақаланың (баяндаманың) негізгі ойларын (бөлімдерін) анықтап, біріктіріп, қысқаша түрде көрсету қажет. Мысалы:

---

- Мақала (баяндама), (зерттеу тақырыбы немесе негізгі зерттеу мәселесіне) арналған.
- Осындай тәсілдердің негізінде немесе осындай деректерді (немесе екеуін де) талдау негізінде, автор ... көрсетеді (нақты айтатын болсақ, автордың ойлары мен зерттеуі арқасында қандай нәтижеге жетті).
- Автор ... деп санайды (мақалада келтірілген соңғы қорытындылар немесе ұсыныстар туралы).

---

Аннотация жазуда келесі мәселелерге назар аударған жөн: Сөз шегі. Аңдатпа жазуда сөздің белгіленген шегін сақтауыңыз керек.

Негізгі ойдың түсініктілігі. Аңдатпа белгілі бір білім саласындағы кең ауқымды мамандар үшін қарапайым, әрі түсінікті болуы керек. Барлығы білетін, жалпы терминдерді қолдану ұсынылады. Нақты деректердің болмауы. Аңдатпада артық мәліметтер мен нақты сандардан аулақ болу керек.

Есте сақтау керек: аңдатпа - бұл *қайталама* емес, баспа жұмысының *қысқаша сипаттамасы*. Кез-келген аңдатпаның басты мақсаты - әлеуетті оқырманға мақаланың *мазмұны туралы түсінік* беру. Аңдатпада осы жұмыста не жазылғаны және оның оқырманды қалай қызықтыруы мүмкін екендігі нақты түсіндірілуі керек. Аңдатпа жаза бастағанда, оған негізгі мақала мәтінінің үзіндісін жазуға тырыспаңыз. Сіздің міндетіңіз - оның мәнін қысқаша және нақты баяндау. Аңдатпа жазу барысында жазу мәнеріне мұқият назар аударыңыз. Ұзақ әрі күрделі сөйлемдерді қолданбауға тырысыңыз. Сіздің ойларыңыз мүмкіндігінше қысқа әрі нұсқа жазылғаны абзал, өйткені бұл оқығанды тез түсінуге мүмкіндік береді. Ғылыми мақалалар ешқашан бірінші жақта жазылмайтындығын ескеріңіз, сондықтан аңдатпада «осы мақалада мен ...» сияқты тіркестер болмауы керек.

---

*Мақалаға* жазылатын аңдатпаның жоспар үлгісі:

- мақала қандай мәселелерді қарастырады;
- мәселелерді шешудің қандай жолдары беріледі;
- еңбек білімнің қандай саласына жатады.

*Әдістемелік зерттемелерге* жазылатын аңдатпаның жоспар үлгісі:

- жұмыс қандай мамандарға қызықты және еңбек білімнің қандай саласына жатады;
- жұмыс мақсатының, өзектілігінің, себебінің, бағытының қысқа дәйектемесі;
- жұмыстың жаңалығы, ерекшелігі, басымдылығы;
- пайдаланылған әдістер;
- күтілетін нәтиже.

---

Түйінді немесе кілт сөздер. Түйін сөздер – бұл мақалада ең маңызды болып табылатын және зерттеу тақырыбы мен саласын мүмкіндігінше дәл сипаттайтын сөздер. Олар мақаланың мазмұнын ашатын негізгі ұғымдар, мәселелер, географиялық терминдер және басқа аспектілерді қамтиды. Кілт сөздер ретінде жалғыз сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға болады. Ұсынылатын түйін сөздер саны 5-10. Авторлардан жұмыстың түйінді сөздерін көрсету сұралады. Бұл іздеу жүйелері мен мақалаларды тақырып бойынша санаттарға бөлу үшін жасалады. Автор іздеу жүйелері арқылы мақаланы табу мүмкіндігін арттыру үшін қажетті түйінді сөздерді көрсету керек. Жалпы «Кілт сөздер (түйін сөздер)» дегеніміз не? Электронды заман талабына сай мақала сайтқа салғанда көпшілікке қажетті, сұранымы жоғары болса, автордың еңбегі еленері сөзсіз. Сіздерге түсінікті болу үшін танымал ертегілердің кілт сөздерін жазайын, бірден білер ме екенсіздер?

Шалқұйрық, Ерназар, Кенжекей, Таусоғар, Желаяқ, Көлтауысар, мыстан кемпір, Бапы хан, Шойынқұлақ, т.б.

Ау, теңіз, кемпір, астау. Әрине бұл кілт сөздері туралы қандай ертегіні жасырып тұрғанымды біліп қойғандарыңызға сенімдімін.

Жалпы анықтамада: «Кілт сөздер (ағылшынша – Keywords) – бұл сайттың немесе мәтіннің тақырыбын сипаттайтын және іздеу жүйелерінде іздеу нәтижелерінің дәл сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын сөздер». Дұрыс таңдалған, тиісті жерлерде пайдаланылған «кілт сөздер» іздеу жүйесінің барлық сәйкес іздеудегі сайтқа сілтемені қамтитынының кепілі болып табылады. Сіздің мақалаңызды (әдістемеңізді) іздеушілер осы сөздер арқылы табады. Автор мақала үшін дұрыс кілт сөздерді таңдай отырып, осы мақаламен сайттағы парағын сәтті жылжыту үшін берік негіз қалайды.

Кілт сөздерді таңдауда жиі кездесетін қателер: ол бір сөзден тұратын түйінді сөздер және тым жалпы түсініктер. Олар сіздің мақалаңыз туралы, не ұсынып жатқаныңыз туралы нақты түсінік бермейді. Іздеу кезінде тек осы саладағы кәсіби мамандар қолданатын жоғары мамандандырылған терминдер қолданғаныңыз дұрыс. 2-3 сөзден тұратын кілт сөздерді пайдалана отырып, сіз жақсырақ бағытталған трафикті аласыз, ол толығымен жүктелмей тұрып сіздің парағыңыздан кетпейтін келушілер көбейеді. Түсініксіз терминдерден аулақ болуға тырысыңыз! Сонымен бірге сирек қолданылатын сөздерді, яғни көнерген сөздерді пайдалану. Әрине, егер сіз кез келген ескі славян, қазақтың көнерген сөздерін кілт сөз ретінде қолдансаңыз, барлық іздеу жүйелері сіздің бетіңізді (мақалаңызды) іздеуде 1-ші орынға береді. Бірақ мұндай сөздің сұрауы жүз жылда бір болып қалатын болса, кейде әріптің қателігінен ғана болатын болса, бірінші орынның сізге не керегі бар.

Сонымен, негізгі ережелер қандай? Ең алдымен, сіздің мазмұныңыз өте маңызды оқуға оңай. Әрине, сіз өзіңіздің кілт сөзіңізді мәтініңізде қолданғаныңыз жөн, бірақ кілт сөзіңізді барлық

сөйлемдерге енгізбеңіз. Жалпы, егер сіздің мақалаңыздағы барлық сөздердің 1 немесе 2%-ы кілт сөзіңіз болса, онда оның тиімділігі төмен болады. Кілт сөздеріңіздің мәтініңізде жақсы бөлінгеніне көз жеткізіңіз. Барлық оңтайландыру бөлігін аяқтадым деп бірінші абзацқа барлық кілт сөздерді салмаңыз, оларды сөйлем мағынасына байланыстыра отырып, шашыратып орналастырыңыз. Мақала тақырыбында кілт сөзді қолдансаңыз іздегенде тез табылып, мақалаңыз бен парақшаңыз жиі ашылып, көп адамның қажетіне айналатыны сөзсіз! Мысалы осы мақалада: «Мақала, аңдатпа, кілт (түйін) сөздері, мәтін, журнал»

*Әдебиеттер тізімі* халықаралық стандартты библиографиялық сипаттаманың нормаларына сәйкес библиографиялық сипаттаманы біріздендіру мақсатында әзірленген Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес қабылдаған (2003 жылғы 2 шілдедегі №12 хаттама, 2019 жылғы өзгерістер енгізілген, бұрынғы ГОСТ 7.1-2003 жарамды болып қалады, бірақ тек ТМД аумағында, 9 мемлекет келіскен: Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан) стандарт ережесіне сай жазылады. [2]

*Әдебиеттер тізіміндегі* әдебиеттер саны мақаланың әзірлену дәрежесіне және оның құжаттық ағындарда көрсетілуіне байланысты. [1]

Тізім оған енгізілген құжаттардың өтпелі реттік нөмірінен тұруы тиіс.

Деректер туралы мәліметтер нүктесіз араб цифрларымен нөмірленеді және абзацтан басталып жазылады. Ақпарат көздерін топтастыру тәсілдерін есте сақтаңыз. Ең көп таралған әдіс – алфавиттік әдіс болып табылады, онда кітаптар мен мақалалардың сипаттамасы авторлардың тегі, кітаптар мен мақалалар атауларының жалпы алфавитінде орналасады. Тізімнің басында ресми және нормативтік құжаттарды (ҚР Заңдары, Президент жарлықтары, қаулылар, ережелер, бұйрықтар және т.б.) орналастыру ұсынылады. Бір үлгідегі құжаттар тобының ішінде сипаттаманы алфавит бойынша немесе хронология бойынша орналастыруға болады.

Тізімнің соңында шетел тілдеріндегі дереккөздердің сипаттамасы латын әліпбиінде орналастырылады.

Бір фамилиялы авторлардың шығармаларының сипаттамасы әдетте олардың инициалдарының алфавитінде орналасады.

Бір автордың еңбегі және оның бірлескен авторлармен еңбегі тізімге атаудың бірінші сөзінің алфавитімен енгізіледі, бұл ретте бірлескен авторлардың тегі ескерілмейді.

Нормативтік құжаттар мен мерзімді басылымдардың мақалалары туралы мәліметтер міндетті түрде жариялау көзі көрсетіле отырып келтіріледі.

Егер интернеттен алынған электронды құжат пайдаланылса, жариялау көзінде сервердің немесе деректер базасының мекен-жайын көрсету керек.

***Пайдаланылған кітаптарды жазу үлгісі:***

Рамазанов, К. С. Еңбек нормасы [Мәтін] /К. С. Рамазанов // Экономист анықтамалығы/ құраст. И. А. Сатпаев. – Алматы : Қазақ университеті, 2012. – 1-бөлім. – Б. 5-58.

Қазақ баспасөзі: жалпы ред. Н.О. Омашев [Мәтін] / Н.О. Омашев, Т.Бекниязов, Қ.Шамақайұлы, А.Мархабаев – Алматы:Таймас баспа үйі - 2008

***Пайдаланылған журнал мақалаларын жазу үлгісі:***

Бекишев, Ә. Мұражай жәдігерлеріндегі қазақ жазба мұрасының шежіресі [Мәтін] / Ә. Бекишев // Отан тарихы = Отечественная история. – 2013. – № 1 (61). – Б. 112-120.

***Пайдаланылған электронды ресурстарды жазу үлгісі:***

«Әдемі жазудың 30 ережесі» [Электронды ресурс]: [Massaget.kz], Ақпарат дереккөзі: URL: Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/okushyilarga/shyigarma/31213/ (қаралған уақыт: 02.03.2022)

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Библиография: Оқу құралы / Ш. Б. Мукашева, М. Ш. Нурпеисова, Б. Ж. Шагиева, Б. С. Байманова – Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019 ж. ISBN 978-601-333-807-1

2. ГОСТ Р7.0.100-2018 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері» (01.07.2019)

3. Горбунова, Г.З., Кравцова, И.Д. Ғылыми мақаланың рәсімделуі мен презентациясы. [Мәтін] / Әдістемелік оқу құралы/, құраст. Г.З. Горбунова, И.Д. Кравцова-Қарағанды: Шағын ғылым академиясы, 2011. ISBN 9965 – 483-22 -1.

4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. ISBN 5-89800-123-9

5. «Мақала жазып үйренейік» [Электронды ресурс]: [Massaget.kz], Ақпарат дереккөзі: URL: https://massaget.kz/layfstayl/zhadnama/18474/ (қаралған уақыт: 02.03.2022)



# «Менің кіші Отаным» тарихи-өлкетану экспедициясының күнделігі

**Ғабдықұл А. Ә.**
Сырым ММБК-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Сырым ауд., БҚО

***Аңдатпа***
*Мақалада Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық «Менің кіші Отаным» жобасы аясында «Шежірелі өлкенің – тарихын түгендеу» атты тарихи-өлкетану экспедициясы қызметін көрсететін күнделігі берілген. Үш кезеңнен тұратын күнделікте өлкенің тарихын анықтау, зерттеу мәселелері, ел арасында айтылып жүрген аңыздарды өлкетанулық ізденістермен салыстыра қарастырылған. Күнделік жазбаларын қосымша білім беру педагогтары экспедициялар ұйымдастырғанда басшылыққа алуға болады.*
***Аннотация***
*В статье представлен дневник деятельности историко – краеведческой экспедиции «Шежірелі өлкенің – тарихын түгендеу» в рамках проекта «Моя малая Родина» Сырымского района Западно-Казахстанской области. В записях описываются вопросы изучения, исследования истории края, а также рассматривается сравнение с краеведческими поисками сказаний, передаваемых из поколения в поколение. Дневниковыми записями можно руководствоваться при организации экспедиции педагогами дополнительного образования.*
***Кілт сөздері:*** *Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, «Шежірелі өлкенің – тарихын түгендеу» экспедициясы, Есенгелді Тархан Жанмырзаұлы, Талдыбұлақ ауылы, Ақтау-Ақшат шатқалы, Жосалы округі, Кеңащы жері, Нұралы хан, Тұяқ батыр, Ақмешіт, Айдана батыр,*

2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында «Өзгерістер жолы: Әркімге лайықты өмір», «Аманат» партиясының сайлау алды бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша әрбір ауданның, Жол карталарында бекітілген іс-шаралар негізінде «Менің кіші Отаным» экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедиция Сырым ауданы бойынша «Шежірелі өлкенің – тарихын түгендеу» деген атаумен жүргізіліп, оған музей, жастар бірлестігі, педагогтар мен оқушылар қатысқан болатын.

Аудан тарихын зерттеу, көктемгі мезеттегі табиғи жерлерді, көрікті аймақтарды суретке, бейнетаспаға түсіру, жойылып бара жатырған ескі қорымдардың орналасқан жерлерін анықтау, аңыз-әңгімелер мен афсаналар жинау, жер-су атауларының шығу тарихын жазып алу мақсатында ұйымдастырылған экспедиция үш кезең, алты күнге арналған бөлімнен тұрды. Бұл жорықтың басты ерекшелігі әуеден түсірілім жұмысын жасау, яғни дрон арқылы табиғаттың тамашасына үңілу болмақ. Мамыр айының 25-ші жұлдызында кешкі салқынмен 5 жылдық жоспарға енгізілген танымдық экспедицияның ашылу салтанаты аудан әкімінің сәтті сапар тілеуімен басталды. І кезең бойынша 2021 жылдың 26-27 мамыр күндері Жымпиты – Аралтөбе – Талдыбұлақ–Тасқұдық – Жосалы а.о. – Тамды - Көгеріс – Қарақұдық – Жымпиты бағытында 510 шақырымды қамтитын жол жүріп өтілді.

**Бірінші күн. Жымпиты – Аралтөбе – Талдыбұлақ –Тасқұдық – Жосалы а.о** (26 мамыр, 2021 жыл)

**7:00.** Таңмен таласып Жымпитыдан жүйткіген «Газель» жарты сағатта бұдан миллиондаған жыл бұрын Каспий теңізінің жағалауы болған (экспедиция мүшесі Анатолий Райымбектің айтуы бойынша) Аралтөбе ауылының маңына жетіп келді. Бұл жерде біз барған бірінші нысан: өз уақытында 12 000 жылқының суаты болған, әйгілі бай Есенгелдінің бөгеті болды. Қазіргі таңда тоғайға айналған бөгеттің ауқымы едәуір үлкен. Кезінде он мыңдаған жылқы шөл қандырды десе құлақ құптайтындай. Жанында жер қайыстырып Есенгелді байдың өзі жатыр. Аты мен атағы бүтін қазаққа мәшһүр болған, баянсыз байлық иесі Есенгелді Тархан - Жанмырзаұлы өз кезінде тана руының старшыны, Бөкей ханның сенімді сырласы болған тұлға. Жеті жасында атасынан дәулет артылып бай атанған. Баршаға белгілі, орыс жазушысы В. Дальдың «Бекей мен Мәулен» атты хикаятында көрініс тапқан оқиға бойынша Есенгелді тоқалдан туған баласы Бекейді, бәйбішеден туған мысық тілеу ұлдарының азғыруымен мерт қылады. Бұл оқиға кейін барлық жерге әшкере болады. Байдың келіні Мәулен (Бекейдің жары) – өте есті жан екен. Әкесінің өз ұлының түбіне жеткендігін дәлелдеп, қазы-билердің алдына жүгінеді. Бай баласын өлтіргенін мойындап, өкінеді. Даудың соңы құнға кеп тірелгенде өжет әйел: – Еріме құт болмаған дәулет маған бақыт бермейді. Бір ғана тілегім бар. Қайын атамның жеті атасынан бері келе жатқан құндыз жағалы тоны төрінде ілініп тұр. Соны бір аттап өтем. Басқа талабым жоқ, – депті.

Келіннің өтініші орындалады. Көп ұзамай, Есенгелді бір жұтта төрт түлік малынан тегіс айрылып, таяқ ұстап қалады. Киелі киімі аяққа тапталғандықтан, байдың бағы таяды. Ақыры Есенгелді жоқшылықта, қайыр сұрап жүріп өлген екен. Баянсыз байлық иесі деуіміз сондықтан.

**11:22.** Тұраламай, төте жолмен төпеткен көлігіміз аталған уақытта Талдыбұлақ төріне табан тіреді. Бағытымыз: Қазақстан ауылы маңындағы Ақтау-Ақшат борлы қыраты. Ауқымы 250-300 гектарды, асқақтығы 60 метрді құрайтын таңғажайып табиғат сыйы өте-мөте керемет! Көздің жауын алатын тау баурайының көктемгі көрінісі көз сүйсіндіреді. Ертеректе «Жирентау» аталған «таудың» өзіндік аңызболжамы да бар. Жирен деген батырдың жатқан жері болғандықтан солай аталған-мыс. Аузым ашылып, 60 метрден алақандағыдай болып көрінген дала келбетіне ден қойып тұрғанымда, кенеттен: «Мә-ә, мында кел, мынаны қара, фотоға түсір», - деген Райымбектің дауысы еріксіз елітіп әкетті. Есенгелдіден бір тайы кем адамдай қуанып тұрған Райымбекке қарап мен мәзбін, жердегі маған беймәлім шөпке қарап ол мәз. Сөйтсек, кішігірім сенсация орын алды. Әлгі беймәлім шөп борлы қыраттағы өсімдік, сирек кездесетін «қырғыз ақжапырағы» екен.



Батыс өңірінде өте сирек ұшырасатын бұл эндемикті анықтаушы Райымбектің өзі болып отыр. Қыраттың көркін көз қимай, зерттеу үшін «қырғыздың» жапырағын қолтыққа қысып, «Қабанбай-Қақпақтыға» қарай тартып кеттік.

**12:00.** Қ.Мұхамбетқалиұлының «Тар кезеңінде» қалы кілемдей көк майсасын, баланың еңбегіндей былқылдаған шымдауыт томарларын төңіректей кереге жайған Нұралы ханның жайлауы болған аталған жердің әлі де болса түгін тартса майы шығатынын көріп, бір марқайып алдық та, ендігі елді Елтай жақтан іздедік.

**15:35.** Тасқұдықта ат-көлігімізді демалдырып, асқазанға ел қондырып, тұтас төрттің кезінде Тінәліден табылдық. Тамылжыған табиғат. Көлшігінде құстар, жазығында жылқы. «Рахат-а-а-ай!», - дедік те, тағы бір борлы-қыратты мекен Алатауға қарай аттандық.

**16:00.** Межелеген жерге де келдік. Шатқал іздеп, шартарапты кезудің қажеті жоқ екенін, алыстан мен мұндалап тұратын аталған қыратты көргенде барып бір ұғындық. Етегінде еркелей Шідерті ағып, бауырында бұйра тастардаң буырқана ытқыған бұлақ суын көргенде сегізінші кереметтің осы өңірде сауық құрғаны бірден белгілі болды. Бозжыраның «бюджетный версиясы» болған бұл қыраттың басында қалмақтармен шайқасқан Тұяқ батырдың зираты болу мүмкін делінеді.

**17:00.** Жосалы округіне қарасты Кеңащы жеріне кіріп келдік. Балпан бұлағынан шөлімізді бір қандырып, Қасқыртау жақты бетке алып, мезазой дәуірінің ескерткіштері саналатын қойтастарға қарай құлдиладық. Дөп басып, үстінен дәл түсе алмай, «қойларды» іздеумен болдық. Жайылып кетті ме деп зәре жоқ. Болмағасын Үшқатты аталатын жерге қарай жылжып келе жатқанымызда, дөннен аса бере жайылған «қойларымызды» таптық. Қойтастар жазық далада емес, тек тау етегінде болатынын ескерсек, онда ертеректе жергілікті жерде үлкен тау болғанын болжай аламыз. Кейбір ғалымдар дерегі бойынша: бұл қойтастар метеорит қалдықтары деп те жорамалданады.

**17:35.** Өлеңті өзеніне құятын ұзындығы 5 км, тереңдігі 20 метр болатын іші ағаш-талдарға, шие, бүлдірген, қарақат, дәрілік өсімдіктердің түрлісі кездесетін өзен сағасы Үшқатты деген орынға келдік. Бас жағында үлкен үңгір бар. Бұл үңгір қалмақтармен болған соғыс уақытында зындан болған деген дерек бар.

**18:00.** Өлеңті бойын жағалап, Кеңащының өзіне қарай тартып келеміз. Бар аңсарымыз аталған жердегі бұлақ суына ауып келеді. Жалпы, Жосалы округінде 250-ге жуық бұлақ көзі бары анықталған, сол бұлақтардың көп бөлігі осы Кеңащыда. Келдік. Атқылай аққан бұлақ суы. Құрағында жайылған төрт түлік. Міні саған жердегі жәннәт, міні саған ғаламның ғаламаты, міні саған көз көрер керемет!



№1 (96)
ақпан 2022 жыл
СОҚПАҚ
ТРОПИНКА

**18:30** Алтыбас аумағын аралап жүрміз. Сайында жидек ағаш, қырында аппақ бор, төбесінен төңірекке көз тастасаң тамылжыған табиғат.

**19:05.** 75 млн. жыл бұрын қарағайлы орман болған алқаппен Жосалы округінің орталығы Қоңыр ауылына келіп жеттік. Кезінде осы төңіректі Масқар руының Қоңыр тайпасы мекен еткен. Қоңыр атауы сол кезден қалған. Ауылға келіп аяқ босатып, асқазан қамын жасап, риза көңілмен сегіз сағаттық ұйқыға кеттік. Осылайша жорықтың бірінші күні аяқталды.

**Екінші күн. Жосалы - Тамды - Көгеріс–Қарақұдық - Жымпиты.** (27 мамыр, 2021 жыл)

**7:00.** Таңмен таласа таңғы шайды тартып алып, Тәтентаудың (биіктігі 21 м болатын екі төбе немесе оба) тасасымен Шейх Исірғалұлы Зайнітиннің (Зинеке ата) басына бара жатырмыз. Жолай Төлеке сайына, Қармыс бөгетіне соқтық.

**7:35.** Келдік. Өз заманында Шейх Зинеке ата мешіт, медресе ұстаған. Қазір бұл жер Ақмешіт деп аталады. Қасиетті, тылсымы бар жер. Түнде бағыт таба алмай адасқан адамдарға осы төңіректен алаулаған от көрінеді екен. Анығырақ айтсақ, медресе орнынан жағылған оттың елесі көрініп, адасқан адамға жол нұсқар шамшырақ болады екен. Бұл да бір құдайдың кереметі. Осы жер қазір қорым. Төбесінде төте жазумен, шағатайша жазылған құлпытастар әлі күнге дейін сырын ашпай барын ішіне бүгіп, құпияланып қасқайып тұр.

**10:30.** Жаугершілік заманда ердің бәрі ел деп жаумен жаға жыртысып жүргенде, өзінің батырлығымен барымталанып бара жатқан бар малды алысып жүріп, ауылында алып қалған Айдана батырдың жатқан жеріне келдік. Айдана масқар руының белді батыры немесе билерінің қызы болса керек. Бесіктен айттырып қойған тана руының бір байының Сүгірбай деген ұлына келін болып түседі. XIX ғасырдың II-ші жартысында Сүгірбай бастаған 40 үй Жосалы өзені бойына қоныстана бастайды. Кейін ел басына күн туып, жерімізге қалмақтар шабуыл жасаған кезде қол бастап, күреске қатысып өте ақылдылығымен, өжеттілігімен көзге түсті. Әсіресе, Тана руының бессары, Қожанберлі бөлімдерінің осы жерге орналасуына игі ықпал ете білген. XIX ғасырдың соңында Айдана дүниеден өтеді. Оған үлкен бейіт салынып, белгі қойылады. Бұл қыратта 14 құлпытас болған екен. 2013 жылы төрт қырлы арабша жазылған 7 құлпытас қалса, осыда тек 3 құлпытасты көрдік. 1970 – 1980 жылдары құрылысқа қайрақ тастар алынып, қыраттың жартысы қазылып, бүлінді. Қазір алаң қазан шұңқыр болып қалған. Шөбі шүйгін, жері құнарлы, айналасынан жоса – түрлі – түсті топырақ кездеседі.

**11:00.** Мұқаш құдығына келдік. Іші қайрақ тастармен құмыра тәріздес болып қаланған құдық XIX ғасырға тән делінеді. Азамат соғысы жылдарында ауылдың ойын жасындағы бала-



ларын сол құдық ішіне жасырып, аман алып қалған деген аңыз бар. Бұл құдықты Тоғайбай деген атақты бай жасатқан. Кейінірек аталған құдықтың басында Мұқаш деген кісі қой бағып, құдық сол кісінің есімімен аталып кеткен.

**11:30.** Үшаша өзенін қиып өтіп, Сырым ауданының ең биік нүктесі Молалытауға қарай қиялап келеміз. Қыратта үлкен қорымның орны бар, соған байланысты Молалытау атанған. Алғаш бұл жерге «Жеке батыр» деген батырдың мүрдесі жерленген делінеді.

**12:00.** Қалқаман Таналардың ата қонысы (1770 жылдардан бері) Былқылдақ жеріне келдік. Топырағы құмды, айналасында бұлақ көздері бар, көктемде шағын көлдер болғандықтан топырағының ылғалы мол болып, адам аяғы басқанда былқылдап тұрғандықтан Былқылдақ деп аталып кеткен. Өңірдің айналасында бұлақ көздері көптеп кездеседі. Шығысында Қарабұлақ, батысында 12 шақырым жерде Ақбоз жерінде Төремұрат бұлағы, жер астынан басқа да кішігірім бұлақ көздері арқылы шағын көлшікке айналып жатады. Қазіргі таңда тек бір



бұлақ қана атқылап тұр. Қалған бұлақ көздері жыңғыл, қамыс-қоғаның арасында қалып қойған (олай болғаны да жақсы, әйтпесе адамдар бұлақ бастауының ат көпірін шығаратын еді).

**13.00.** Қайтадан округ орталығына келіп, ендігі бағытты Алаша Қожағұлдардың қонысы болған Әзтөбе жеріне бұрдық. Қымыздық пен мия көптеп өсетін құмды алқап. Кеңес үкіметі кезінде «Қызыл әскер» колхозы атанған, бұл күнде тек иен даланың иесі болып, Әз батырдың Қожағұл қауымы жатыр. Ертеректе бұл жерде әйгілі Лұқпан байдың мың қаралы жылқысын суарса да, суы ортаймайтын Қарабұлақ деген құдық болған. Күні кешеге дейін Жосалы совхозына осы құдықтан күніне 10 тоннадан аса су тасылған. Қазір орнын көшпелі құм басып, жоққа айналған.

**14:00.** Сусыған құмның үстімен Тамды ауылына қарай сырғытып келеміз. «Астымызда 200 метр жерде мұнай, төбемізде күн-ай бар» деп әңгіме-дүкен құрып келе жатқанымызда Тамдыға да жетіп қалыппыз. Тамды – Бұлдырты өзенінің бір сағасы. Жұбан Молдағалиевтің «Жымпитының жігіттері-ай!» деген өлеңіне арқау болған Жүсіпқали Сапарғалиұлының мақтаған өзені осы Тамды. Ал ауылдың Тамды аталуы осы өзен жанын ағып жататындықтан.

**14:40.** Кезінде бидай, тары, талқанымен аты шығып Майтүбек атанған Көгеріс ауылына келіп жеттік.

**16:00.** Түскі астың қамын жасағаннан кейін, ауыл маңындағы Алтыапан деген жерге келдік. Ертеректе бұл жерде үлкен алты апан болған. І-ші кезеңнің карта сызбасы.

Атау соған байланысты шыққан.

**17:00.** Алаш қайраткері ЖаҺанша Досмұхамбетовтың ауылына бара жатырмыз: Қарақұдыққа. Көңілде атамыздың қос медресесінің құрығанда біреуін тауып алсақ деген тәтті қиял қылаң бергені жасырын емес, бірақ қайдам ол...

**17:35.** Қарақұдықтамыз. Алаш милициясының атты әскері оқу-жаттығу жиынын өткізген жерде.

**18:00.** Дронмен аталған жердің аспанын айнала жүріп өттік те, Жымпитыға қарай тарттық. Осылайша эксклюзиві бар экспедициямыздың бірінші кезеңі аяғына жетті. Алда Сырым ауданының сырын ішіне бүккен, сұлулығымен сүйсіндірер, тылсымымен түйсіндірер тамашасы қанша десеңізші. Ол туралы қалған кезеңінде жүре, бара, көре жатармыз.

**Экспедиция күнделігінің жалғасы келесі санда жарияланады**



# Ботай мәдениеті мен оның даму тарихы

**Айдарбекова А.Б.**
«Ботай» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы»
Республикалық МҚК-нің экскурсоводы,
Саумалкөл а., Айыртау ауд., СҚО.

***Аңдатпа***
*Мақалада Ботай қонысы, тарихы және оны ғалымдардың зерттеуі, жылқыны алғашқы қолға үйрету, қоныстағы археологиялық қазбалар, дәстүрлі «қымыз» сусынының пайда болуы, ғылыми еңбектер, «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының құрылуы туралы жазылған. Мақаладағы келтірілген деректер қосымша білім беру педагогтары мен туристер, ЖОО-ның оқытушыларына сабаққа пайдалануға, жорық кезінде қолдануға және зерттеу жұмыстарына пайдалануға пайдалы.*
***Аннотация***
*В данной статье рассказано об истории поселении Ботай, и его изучении учеными. О первом одомашнивании лошади, археологических раскопках на поселении, появления традиционного напитка «кумыс», научных трудах, создании Государственного историко-культурного музея-заповедника «Ботай». Данные, приведенные в статье, полезны педагогам дополнительного образования и туристам, преподавателям вузов для использования на занятиях, во время походов и для исследовательской работы.*
***Ілмек сөздер:*** *музей, Ботай қонысы, тарих, археология, экспедиция, ғалым, зерттеу жұмыстары, атқа міну мәдениеті, археологиялық ескерткіш.*

Ботай қонысын 1980 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының мүшесі В.Ф. Зайберт ашты. Археологиялық қазба жұмыстарына сол уақытта ректор Шәкенов Қанаш Шәкенұлы басқарған Петропавл педагогикалық институтының студенттері көмектесті.

Қоныстағы алғашқы қазба жұмыстары отандық ғылымға 40 мыңға дейін артефакт берді. Кейіннен Красный Яр, Васильковка IV, Рощинское, Баландино, Сергеевка елді мекендері ашылды. 1980 жылдары энеолиттік кезеңдегі осы қоныстарды зерттей келе, В.Ф. Зайберт жаңа археологиялық мәдениет - «Ботай мәдениетін» бөлу туралы қорытындыға келді. Қоныс пен археологиялық мәдениет Ботай атауын жергілікті қазақ рулары көшбасшыларының бірінен алды. Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы қонысты зерттеген алғашқы жылдары 7528 шаршы метр мәдени қабатын қазды.

1983 жылдың жазында Ботай қонысының қазба жұмыстары орнында Бүкілодақтық далалық археологиялық семинар өткізілді. 1983-1985 жылдары Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының археологтар ұжымы елеулі табыстарға қол жеткізді. 1985 жылы «Ботай энеолиттік қонысындағы қыш ыдыстардың кешендері» атты мақаласын Зайберт В.Ф. пен Мартынюк О. И. бірлесіп шығарды, Атбасар мәдениетінің неолит ыдысының негізінде Ботай





қыш ыдысының пайда болуы туралы мәлімдеме айтылды.

1985 жылы Чернай И.Л. - «Оңтүстік Орал және Солтүстік Қазақстанның энеолит-қола ескерткіштеріндегі материалдар бойынша тоқыма ісі және қыш ыдысы», Заитов В. И. - «Ботай қонысының тас еңбек құралдарының сипаттамасы», Даниленко Т. А. - «Ботай қонысының сүйек құрал-саймандары», Зайберт В.Ф., Плешаков А. А. - «Ботай қонысының шабу құралдары» атты материалдары жарияланды. Ботай мәдениетінің жалпы сипаттамасы Зайберт В.Ф. «Ботай қонысы және Солтүстік Қазақстанның энеолитін зерттеу міндеттері» атты жарияланымында берілген.

1994 жылы профессор Зайберт В.Ф. бірқатар британдық университеттерде Ботай туралы дәрістер циклін өткізді. Сол жылы «Еуразияның ерте жылқы өсірушілері» Халықаралық симпозиумы аясында Кембридж археологиялық музейінде Ботай мәдениеті туралы көрме ұйымдастырылып, оған әлемнің 16 елінен 80 ғалым қатысты.

1996 жылы Ботай материалдарының қазақстандық-германиялық зерттеу жұмыстары басталды. Ботай қоныстарының материалдары археология – трасология, типология, остеометрия, радиокөміртекпен танысу, геомагниттік түсірудің дәстүрлі әдістері арқылы зерттелді. Геомагниттік зерттеулер 1990 жылдардың басында шетелдік зерттеушілердің қолдауымен жүргізілді. Сондай-ақ, 1990 жылдары Кембридж, Оксфорд, Бристоль, Экзетер зертханаларының көмегімен сүт өнімдерінің майлы іздерін анықтау үшін қыш ыдыстардағы күйіктерді талдау бойынша зерттеулер жүргізілді.

Ботай жылқысын қолға үйретудің дәлелдерін анықтауда Л. Н. Макарова, Т. Н.Нурумов, С. С. Калиева, шетелдік зерттеушілерден – Л. Л. Гайдученко (Челябинск, РФ), С. Олсен (Карнегидің табиғи тарих музейі, АҚШ), Д. Энтони, Д. Браун (Хартвик колледжі, АҚШ), Н. Бенеке, А. Фон Дендриш (Германия), М. Левин (Кембридж, Ұлыбритания) А. Оутрам (Экзетер, Ұлыбритания), Р. Бендри (Винчестер, Ұлыбритания), А. Каспаров (РАН, Ресей) Д. Орландо белсенді қатысты.

1990 жылдардың ортасынан бастап Ботай мәдениетін зерттеу баяулады. Бірақ жыл сайын Ботай қонысын зерттеу үшін археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

2000 жылы Ботай қонысы «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрамына енді. 2001 жылы Көкшетау археологиялық экспедициясы Ботай қонысының айналасындағы ұзындығы 3600 м қорғау аймағын белгіледі. Қоршауды орнату ескерткіштің қорғау аймағына мал мен автокөліктің кіруін шектеді. 2005-2006 жылдары Ботай қонысынан табылған артефактілердің бір бөлігі Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Орталық музейіне берілді.

2004-2006 жылдардағы «Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Көкше академиясының қызметкерлері Ботай мәдениетін зерттеуге елеулі үлес қосты. Көкшетау археологиялық экспедициясының нәтижелері «Ежелгі дала құпиялары» ұжымдық монографиясында баяндалған.

2009 жылы Халықаралық «Science» журналында Ботай энеолиттік қонысында жылқыны

№1 (96)
ақпан 2022 жыл
СОҚПАҚ
ТРОПИНКА

қолға үйретудің алғашқы жағдайлары және ботайлықтардың қымыз дайындағандығы көрсетілген мақала жарияланды. 2007-2011 жылдар аралығында археологиялық қазба жұмыстары тоқтатылды. Бұл уақыт кезеңі Ботай мәдениетінің тұжырымдамалық аспектілерін ұғыну үшін пайдаланылды. 2011 жылы В.Ф. Зайберттің «Ботай. Дала өркениетінің қайнар көздері» атты жалпылама монографиясы жарық көрді.

2017 жылы Алан Оутрам тіс қалдықтарында сақталатын ақуыздарды анықтау үшін масспектрометрияның жаңа әдісін қолданды. Сол жылы Ананьевская Э. (Вильнюс, Литва) милиацинді сынау үшін үлгілерді зерттеді.

2017 жылы Ботай археологиялық ескерткіші Қазақстанның киелі ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне «Рухани жаңғыру» жаңа мемлекеттік бағдарламасы аясында археологиялық зерттеу нысаны ретінде енгізілді. «Ботай мәдениетінің әлеуметтік-экономикалық және дүниетанымдық аспектілерін, оның ішінде Ботай мәдениетінің киелі контекстері мәселелерін қайта құру» жобасы әзірленді. 2018 жылы ҚР МСМ Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының қолдауымен профессор В.Ф.Зайберттің авторлығымен «Ботай мәдениетінің киелі контекстері» монографиясы жарық көрді. 2018 жылғы 21 қарашада Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Ботай салт-дәстүрлер мәдениетін қалыптастырудың маңызды контекстерінің бірі ретінде қарастырылады.

«Ботай қонысы» археологиялық ескерткіші Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Казань ауылдық округы, Никольское ауылынан оңтүстік-шығыс жағынан 1,5 шақырым жерде, Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласынан солтүстік-батыс жағынан 400 шақырым, Петропавл қаласынан 300 шақырым қашықтықта орналасқан.

Ботай мәдениеті әлемдік археологиялық ғылымда кеңінен танымал. Археологиялық ескерткіштің аумағында 15 мың шаршы метрден астам жер ашылды, 158 тұрғын үй зерттелді, 200 мыңнан астам артефактілер және ондаған мың көне жануарлардың сүйектері анықталды, олардың 99,9% - ы жылқыға тиесілі.

«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК-ның 2018 жылы құрылуы Ботай қонысындағы көпжылдық зерттеулердің нәтижесі болды. Музей-қорықтың негізгі қызметі - осы археологиялық ескерткішті танымал ету мақсатында ғылыми-зерттеу, жинақтау, экспозициялық-көрмелік және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу.



Біздің дәуірімізге дейінгі IV-III мыңжылдықтағы барлық өмірлік процестерде Ботай қоғамын үлгілеу үшін Ботай және Красный Яр елді мекендеріндегі кешенді ғылыми-эксперименттік зерттеу нәтижелерін алу, сондай-ақ «Ботай» музей-қорықтың экспозициялық залдары мен басқа да объектілерін құрудың әдіснамалық-әдістемелік принциптерін әзірлеу мақсатында 2021-2023 жылдарға арналған «Ботай қонысындағы археологиялық ғылыми-эксперименттік зерттеулер және Ботай мәдениетін жеткізушілердің қамтамасыз ету жүйелерін, өмір салтын, дүниетанымдық-киелі мән-мәтіндерін модельдеу» ғылыми-зерттеу жобасы 2021 жылғы 14 шілдеден бастап жүзеге асырылуда. Жобаның жетекшісі - тарих ғылымдарының докторы, археология профессоры Виктор Федорович Зайберт. Ғылыми бағдарлама аясында бірқатар ғылыми-зерттеу және ғылыми-эксперименттік жұмыстар жүргізілді және Қостанай облысында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде Қостанай облысының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану басқармасымен, Арқалық дала тарихы музейімен, А.Иманов атындағы мемориалдық мұражаймен, Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейімен ынтымақтастықтың негізі қаланды.

Бүгінгі таңда Ботай қонысының тарихи-мәдени нысанын қоспағанда, музей-қорықтың экспозициялық аймағы болмаса да, қызметкерлер уақытша және көшпелі көрмелер құру бойынша белсенді жұмыс жасауда, олардың негізінде тақырыптық экскурсиялар, дәрістер мен музей сабақтары өткізіледі. Музей Солтүстік Қазақстан облысының оқу орындарына бару тәжірибесін өткізеді.

«Ботай» музей-қорығын танымал ету және насихаттау мақсатында ресми сайт пен әлеуметтік желілерде парақшалар және Youtube каналы ашылған:

Ресми сайт: http://botaimuseum.kz/ru/

Youtube: https://www.youtube.com/channel/UC3-uwn-1BazCzAMGSs0RAqg

Facebook: https://www.facebook.com/profile.php?id=100030256237013

Instagram: https://www.instagram.com/rgkp.botai.museum/?hl=ru

Қазіргі таңда «Ботай» Визит-орталығының құрылысын салу жұмыстары жүзеге асырылуда, яғни республикалық деңгейдегі кешен базасында заманауи талаптарға сай экспозициялар мен музей қорлары сияқты қажетті орындар қарастырылған.

«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК-ның ғылыми қызметкерлерімен байланысу және ынтымақтастық жүргізу үшін 8(71533)21-8-34 телефоны мен rgkp.botai_museum@mail.ru электрондық поштасы арқылы хабарласуға болады.



№1 (96)
ақпан 2022 жыл
СОҚПАҚ
ТРОПИНКА



# История создания музея в селе Рубежинское

**Милехин В.В.**
преподаватель
Рубежинского отделения
колледжа Байтерек,
район Бәйтерек, ЗКО

***Аннотация***
*Статья посвящена описанию краеведческого музея в с. Рубежинское. Автор раскрывает связи музея как культурного центра, осуществляющего взаимосвязь старшего поколения с молодежью. Приводится история и описание наиболее ценных экспонатов, их роль в истории. Подводится итог краеведческой работы краеведческого клуба «Эврика», отмечающего в этом году 55 летие. Дается богатейший материал о людях, которые внесли свой вклад в развитие Приуралья. Идет обмен опытом в деле организации экскурсионной работы музея.*
***Аңдатпа***
*Мақала Рубежка ауылындағы өлкетану музейінің сипаттамасына арнай отырып. музейдің аға буын мен жастардың өзара байланысын жүзеге асыратын мәдени орталық ретіндегі байланысын ашады. Ең құнды экспонаттардың тарихы мен сипаттамасы, олардың тарихтағы рөлі келтірілген. Биыл 55 жылдығын атап өтетін «Эврика» өлкелік клубының өлкетану жұмысының қорытындысыда шығарылады. Орал өңірінің дамуына өз үлесін қосқан адамдар туралы бай материалдар берілген. Музейдің экскурсиялық жұмысын ұйымдастыру ісінде өзара тәжірибе алмасу.*
***Ілмек сөздер:*** *Связь поколений. Безбородников. Работа с ветеранами. Исследование прошлого. Рубежинское в древности и настоящее время. Клуб Эврика.*

В Рубежинском ДК открылась обновленная экспозиция краеведческого музея. В ее создании большую роль сыграл аким с.Рубежинское Кенжин Асылбек, оказавший моральную и материальную поддержку создателям музея. Стенды, экспонаты и материалы для музея более 20 лет собирали члены туристского кружка, неравнодушные к своей истории люди. На это я обращал главное внимание будучи руководителем кружка ОЦДЮТиЭ руководимым В.П.Фоминым, а также и турстанции района Байтерек, который возглавляет Терехова Г.А. Многое по истории нашего края я опубликовал в своих книгах, их уже вышло семь. Этот музей стал воплощением мечты бывшего директора ОЦДЮТиЭ Фомина В.П. о создании музеев в каждом учреждении и населенном пункте. Очень помогло в создании музея и обучение на онлайн-курсах «Музейное дело», который был организован Республиканским учебно-методическим центром дополнительного образования, возглавляемого Р.П.Шер. Лекции и материалы предложенные на этих курсах имели неоценимое значение. Много я взял из опыта работы Дарьинского музея им.Шолохова, возглавляемого ныне Пудовой А.К. и музея Макаровской школы, руководитель Осипова О.М., а также помощи руководителя отдела краеведения СЮТ района Байтерек Абдрахманова И.К. Стенды для нашего музея были изготовлены в мастерской Еламана Журсинова, а монтировать помогал директор ДК Крупица Павел Ростиславович. Также помогли предприниматели Рубцов А.А., Ванюков Николай, Демяшев Дмитрий, Кузнецов Антон, Ефименко Антон и др. И вот наконец в 1-й половине февраля состоялась 1-я экскурсия, которую провели для

учащихся 1 класса, классный руководитель Ефименко О.М.. Сразу отмечу, что позже в качестве экскурсоводов выступили учащиеся 6 класса Виолетта Фесенко и Козлова Юля, студентка гр.14 Груднова Саша. Также подготовлены лекции о нашем крае студентами 22 группы Мокшиной Марией и Туратовой Кристиной. Их слушателями стали учащиеся школы, которых организовали на экскурсию классные руководители Таксымбаева А.А., Старцева А.В., Гиззатова М.З. Чижова Е.В., мастер группы 24 Чебан Л.В., психолог колледжа Куставлетова С.М. Надо отметить, что кроме названых членов краеведческого кружка, в оформлении музея участвовали Адаев Дастан, Коваленко Артем, Тыныбаевы Яна и Аркадий, Кокорева Злата, студент Артемов Костя.

В той 1-й экскурсии, перед гостями открылся загадочный мир артефактов и предметов, значение которых не только первоклассники, но и современники стали забывать. Их внимание привлек комод 19 века, его как и другие экспонаты и современные стеллажи год назад передал в музей доктор наук Голубев А.В. От имени жителей села выражаем ему свою благодарность, они заметно украсили и оживили экспозицию музея. Особенно поражает воображение динамик 1941 года из которого, наш народ узнал о нападении фашистов на нашу страну.

Многих заинтересовал уголок местных писателей, среди них выделяются книги Абдрахманова Т.А., Азовской Т.Н., когда-то работавшей в Рубежке, Доронина Г.Н., бывавшего здесь с экспедициями. Есть материал о рубежинцах встречавшимися с Шолоховым. Конечно же, это и рассказ о Бисене Жумагалиеве, Корсунове Н.Ф. Многим приглянулось веретено, с которым я знаком с детства, на нем пряла моя бабушка Анна Дмитриевна Орехова. Детей же привлекли рога древнего тура, щупальцы кальмара мезозойской эры и оружие гражданской войны. Много артефактов сохранилось от археологических экспедиций учителя 60-х годов Безбородникова В.А. Это страничка истории края тоже представлена на стеллаже. История Рубежинского училища хорошо представлена в экспозиции музея, как впрочем и история школы, которой в этом году отмечают юбилей. И я думаю не только школьникам, но и остальным жителям села есть чем гордиться. Много материалов о ветеранах войны, на стенде представлены более ста фото с биографиями участников войны наших земляков. Есть книга памяти погибших во второй мировой войне. Проиллюстрирована история села, с рассказами о ветеранах села. Особый стенд «Выдающиеся люди Приуралья», расказывает о 1-м секретаре обкома партии Коспанове Шапете



№1 (96)
ақпан 2022 жыл
СОҚПАҚ
ТРОПИНКА

Коспановиче, руководителе Приуральского района Дунаеве Василии Владимировиче, трактористке Ангелиной, по почину которой в Рубежке создали женскую тракторную бригаду во главе с Чинаревой Вассой и Тятиной Марией. Есть уголок национальной культуры, оформленной в виде юрты и предметов быта, собранные жителями села под руководством ветерана школы Иманова А.И. Обо всем, что еще интересного есть в нашем музея рассказывать не стоит, приходите и увидите собственными глазами.

Экскурсия конечно же нашла продолжение. Позже на экскурсии побывали студенты колледжа группы 14, 24, 22.студенты колледжа. Нужно отметить, что это уже 5 музей который я оформляю, судьба предыдущих была печальна. Все время помещения отдавали под производственные нужды. Готовящиеся экспозиции ликвидировали. Я думаю, что нашим руководителям давно надо понять, что любовь к своей Родине одними словами не сформируешь. В нашей округе есть музеи, чье существование влачит печальное существование. Такова ситуация в с. Январцево, где много лет музеем занимается Тюлепбергенова Сауле, ушедшая на пенсию, также дело и в Озерном, где руководитель Наталья Еременко, также нуждается в поддержке. Ждет помощи и музей в Мичуринской школе, руководитель Запрометнова Наталья. Список наверняка можно продолжить. И есть ли кому дело до музеев? Надо реальные дела и достижения. Радует, что недавно побывавшие в Рубежке депутаты раймаслихата Сундетов Есен и Герасимов Алексей, не только посетили музей, но и оказали практическую помощь в приобретении дорожек на полы. А нашему кораблю под названием музей с. Рубежинское я желаю 7 футов под килем и попутного ветра, чтобы благополучно преодолеть рифы которых я думаю еще будет в нашей жизни немало.

**Литература:**

1. Милехин В.В. «Неоконченая песня костра» 2009 г.

2. Милехин В.В. «О героях былых времен Приуралья» 2020 г.

3. Музейная педагогика как область педагогической науки: сборник трудов/под редакцией С.В.Ивановой-м.2012г

4. Научно-методический журнал «Соқпақ-Тропинка» №2 2016 г. статьи по музейной тематике.

5. Сакимова Г.Б. «Учет, хранение и использование музейных экспонатов» Лекция онлайн-курса Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования





# Ескерткіштер сыр шертеді

**Мұса Г.К.**
Адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Облыстық жас туристер станциясы»
КММ-ның ҚББП-і,
Түркістан қ., Түркістан обл.

***Аңдатпа***
*Бұл мақалада Халықаралық ескерткіштерді қорғау және тарихи орындарды сақтау күніне арналған шаралар сипатталған. Түркістан қаласындағы ескерткіштер бүкіл өмірін халыққа қызмет етуге арнаған әйгілі тарихи тұлғалардың құрметіне орнатылған. Олардың ерлікке толы өмір жолы - жас ұрпаққа жарқын үлгі. Мақала қосымша білім беру педагогтарына, экскурсоводтарға пайдалы.*
***Аннотация***
*В данной статье описаны мероприятия, посвященные Международному дню охраны памятников и сохранения исторических мест. Памятники, расположенные в городе Туркестан, установлены в честь известных исторических личностей, посвятивших всю свою жизнь служению народу. Их героический жизненный путь-яркий пример для молодого поколения. Статья полезна педагогам дополнительного образования, экскурсоводам.*
***Кілт сөздері:*** *Түркістан, ескерткіштер, Қабанбай батыр ескерткіші, Даңқ саябағы, Саттар Ерубаев ескерткіші.*

Түркістан – Қазақстанның көне қалаларының бірі. Бұл қала еліміздің оңтүстік аймағында орналасқан. Орта ғасырларда ол Орта Азия мен Қыпшақ даласы халықтарының саяси орталығы болған беріде Қазақ хандығының ордасы болды. Қасиетті Түркістанды «Екінші Мекке» деп атаған. 1903 жылы Түркістанға алғашқы темір жол келген. Қасиетті Түркістан - тарихи және туристік қала.

2018 жылы 19 маусымда Елбасы, Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев Түркістан облысын құру туралы Жарлыққа қол қойды. Түркістан қаласы облыс орталығы ретінде дамудың жаңа сатысына қадам басты. Көне шаһардың дәуірі басталды. 3 жылда Түркістанда адам қызығарлық істер атқарылды. Көптеген жаңа нысандар бой көтерді. Түрленген Түркістанға жан-жақтан туристер көптеп келуде. Түркістан еліміздің рухани, мәдени, тарихи қаласы болып қала бермек. Бұл қала дамуының кепілі.

18 сәуір - Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні болып жарияланған. Алғаш рет 1984 жылы атап өтілді. Дүние жүзінің 122 елінің 754 тарихи құндылықтары ЮНЕСКО тізіміне енгізілген. Еліміздің ұлттық құндылығы болып табылатын 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіш бар.

Түркістан қаласы мен оның аймағында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштер баға жетпес жәдігерлер тарихымыздың куәгерлері болып табылады, оларды әр түрлі туристік бағыттарға енгізуге болады.

Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне байланысты Түркістан облысының «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің «Жас өлкетанушы» үйірмесінің мүшелері №22 жалпы орта мектептің оқушылары көптеген іс-шаралар жүргізді. Ескерткіштерге

№1 (96)
ақпан 2022 жыл
СОҚПАҚ
ТРОПИНКА

саяхат жасап, гүл шоқтарын қойды. Белгілі тұлғаларға қойылған ескерткіштердің тарихы мен өмір жолына тоқталды.

Жалпы мектебімізде іс-шара өткізу әдетке айналған. Ондағы мақсатымыз ескерткіштерде бейнеленген тас мүсіннің еліне еңбегі сіңген тарихи тұлғаларға қойылған құрмет екенін жеткіншектер санасына сіңіру. Осыған орай, «Жас өлкетанушы» үйірмесінің мүшелері қаладағы халқына еңбегі сіңген тарихи тұлғаларға қойылған ескерткіштерді аралап, олардың сырын білуге тырысты. Қазақстандағы тарихи-мәдени мұралар: ескерткіштер, кесенелер, мұражайлар туралы сынып сағаттары, сурет көрмесі мен шығарма эссе жазудан байқаулар өткізілді.

Ұлттық құндылықтарымызды қорғау және болашақ ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз екенін ұмытпауымыз керек.




**1 сурет. Жеңіс саябағындағы Даңқ мемориалы**

Жеңіс саябағында Даңқ Мемориалы – Ұлы Отан Соғысы мемориалы. Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлер мен Кеңес Одағы батырларын ұлықтау мақсатында жауынгерлердің есімдері жазылған. Соғыстан оралмаған жерлестердің құрметіне қойылған ескерткіш.



**2 сурет. Қабанбай батыр ескерткіші.**

Қабанбай батыр (1692-1770) – қазақ қолын бастаған ержүрек қолбасшы, қазақтың жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушылардың бірі, даңқты батыр. Қаланың жастары білім алатын білім ордасының жанына қойылған, ат үстіндегі батыр бабамыздың мүсінін орнату бүгінгі және келешек ұрпаққа патриоттық тәрбие беретіндей келелі іс. Жастарға рух беретін дарабоз батырымыздың мүсіндерін қайда орнатсақ та артықтық етпес.



**3 сурет. Саттар Ерубаев ескерткіші.**

Саттар Ерубаев (1914-1937) аз ғана өмір сүріп, қазақ әдебиеті көгінде жарық жұлдызша жарқырай ағып өтті. Сол жарық жұлдызша жарқырай ағып өткен қамшының сабындай қысқа өмірінде әдебиеттің алтын қорына енген тамаша туындылар жасап кетті. Оның шығармалары әлденеше ондаған жылдар бойы талай жанның дүниетанымын, өмірге көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесіп келеді. С.Ерубаевтың өмірі мен шығармалары, пайдаланған заттары қойылған, С.Ерубаев музейінің алдында ескерткіші бар.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Түркістан қаласындағы «Ақжайық» музыка мектебінің алдында Шәмші Қалдаяқовтың ескерткіші қойылды Түркістан облысы – қазақ даласына қаншама дарындарды сыйлаған киелі мекен. Әнімен кең даланы тербетіп, Қазақ вальсінің королы атанған, Қазақстан Республикасы Әнұранының авторы Шәмші Қалдаяқовтың биыл туғанына 90 жыл толып отыр. Отырарда туып, ән падишаһы атанған, қайталанбас дарын иесінің есімін ұлықтау – бізге артылған абыройлы міндет. Түркістан қаласының жаңа орталығында бой көтерген композитордың ескерткіші – облыс

жұртшылығына, қазақ еліне мереке қарсаңында тамаша тарту болып отыр.




**4 сурет. Ш.Қалдаяқов ескерткіші**

Қоладан құйылған ескерткіштің биіктігі – 2,5 метр, ұзындығы – 3,5 метр. Авторы – Қазақстанның Еңбек сіңірген өнер қайраткері, кәсіби шебер мүсінші Тілеуберді Бинашев.

Композицияға келер болсақ, бұл – Қалдаяқовтың шығармашылық ой үстінде отырған сәті. Сазгер бейнесінің жас жеткіншектерді өнерге, мәдениетке баулитын «Ақжайық» музыка мектебінің ауласында бой көтеруі – заңдылық. Халықтың суретке түсуіне, жақынырақ келіп көруіне ыңғайлы.




**5 сурет. Абай Құнанбаев ескерткіші**

Шаһардағы «Оқушылар сарайы» ғимаратының алдында қазақтың ұлы ақыны, философы, композиторы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, әрі классигі Абай Құнанбайұлының бейнесін мүсінші тереңінен аша білген. Ескерткіште басында тақия, иығына шапан жамылған Абай қолына кітабын қысып ұстаған күйі терең ой үстінде ілгері қадам басып келеді. Демеушілер есебінен жасалған ескерткіштің авторы – мүсінші Гүлфия Мелдеш. Ұлтымыздың ұлы тұлғасының мүсіні монументалды стильде жасалған.




**6 сурет. Әбу Насыр әл-Фараби ескерткіші**

Әбу Насыр әл-Фараби дүниенің білім және ой тарихынан құрметпен орын алған ұлы түрік ғалымы, ойшылы. Физика, химия, медицина, математика ғылымдарында және философияда жеткен нәтижелерімен Европа мәдениетінде үлес қосқан, кітаптары XVIII ғасырдың соңына дейін Европа университеттерінде оқылған түрік дарыны. Шын аты – Махмұт. Фараби Түркістанда, Фараб (Отырар) қаласында 870 жылы дүниеге келді. Әкесі - қорған басшысы Махмұт Тұрпан. Батыстың білім әлемінде оны әл-Фарабиус атымен таниды. Фараби оқып – жазуды туған қаласында үйреніп, заманының ең атақты ғұламаларынан сабақ алды. Тәлімін кеңейту үшін әуелі Иранға, кейін Бағдатқа кетті. Фараби Бағдадта болған кезінде кілең атақты кісілерден дәріс алған және өзі де сабақ оқытқан. Әсіресе логика және грамматика пәндері мен араб тілін меңгеруді осы қалада жалғастырды.

Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің ескерткіші жаңадан бой көтерген «Облыстық драма театр» алдына қойылды. Демеушілер есебінен жасалған ескерткіштің авторы – мүсінші Гүлфия Мелдеш. Ұлы тұлғаның мүсіні монументалды стильде жасалған.

№1 (96)
ақпан 2022 жыл
СОҚПАҚ
ТРОПИНКА



# Тасқала ауданындағы спорттық бағдарлаудың дамуы

**Нарымбаев Б. М.**
«Жас туристер станциясы»
КММ-нің директоры, ҚББП-і,
Тасқала ауд., БҚО.

***Аннотация:***
*Прочитав эту статью, вы познакомитесь с таким понятием, как спортивное ориентирование. В данной статье рассказана история развития спортивного ориентирования в Таскалинском районе Западно-Казахстанской области.*
***Аңдатпа:***
*Осы мақаланы оқығаннан кейін сіз спорттық бағдарлау сияқты ұғыммен танысасыз. Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданында спорттық бағдарлаудың даму тарихы сипатталған.*
***Кілт сөздері:*** *спорттық бағдарлау, компас, Тасқала жас туристер станциясы*

Әрине, сіз «спорттық бағдарлау» деген сөзді білесіз. Бұл не? Бұл спорт түрі қатысушылар компас пен спорттық картаның көмегімен жергілікті жерде орналасқан БП-н (бақылау пункттерінен) өтуі тиіс екендігіне негізделген. Әдетте, нәтижелер қашықтықты өтуге жұмсалған уақыт бойынша анықталады. Қатысушылар жинаған ұпайлар саны бойынша есептеу әдісін де қолдануға болады.

Бүгінгі таңда осы спорт түрінен жарыстар әртүрлі топтарда өткізіледі. Олар шеберлік деңгейі бойынша да, жасы бойынша да болуы мүмкін. Қашықтықтың ұзындығы және оның күрделілігі рельефтің күрделілігі мен жас тобына байланысты анықталады. Бұл жағдайда қашықтық барлық қатысушыларға белгісіз бо-



луы керек, сонымен қатар жақсы физикалық формасы мен жүру қабілеті бар белгілі бір қиындықтарды қамтуы керек.

Спорттық бағдарлаумен шұғылдану адамның ойлау қабілетінің, дене дайындығының, денсаулығының шыңдалуына, спортшы ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді.

Тасқала ауданында спорттық бағдарлау 2007 жылдан бастап кеңінен тарай бастады. Сол жылы Янайкино ауылы маңында алғашқы облыстық жарысқа аудан құрамасы қатысып, 21-35 жас аралығындағы жеке сынақта Жанболат Айтжанов классикалық қашықтық бойынша І орынға, ЖЕ жас ерекшелігінде Динара Изгалиева І орынға, 10-14 жас аралығындағы жеке сынақта Жұбаныш Дакешев ІІІ орынға ие болып, жалпы командалық есепте V орынды иеленді. 2008 жылдың 10-12 қазан аралығында Астана қаласы білім басқармасының «Күзгі бағдар–2008» спорттық бағдарлау бойынша 8-ші Астана кубогі жарысына Батыс Қазақстан облысының құрама командасына енген Тасқала туристері қатысып, түнгі бағдар жарысында Ж.Айтжанов ІІ орынға ие болды. 2010 жылы Алматы облысы Талғар ауданында ұйымдастырылған шаңғымен бағдарлаудан ашық жарысына аудан педагогтері қатысты. Жарыс барысында команда құрамындағы «Жас туристер станциясы» директорының орынбасары Нарымбаев Б.М. спринт дистанциясын (10 бақылау пункті, қашықтығы 2140 метр) 27 мин 51 сек өтіп, ІІІ ерлер разряды, орта қашықтық дистанциясын (11 бақылау пункті, қашықтығы 3470 метр) 32 мин 10 сек өтіп, ІІ ерлер разряды орындалып, нәтижесінде ІІІ ерлер разряды берілді. Бұл жарыстар ауданымыздың спорттық бағдарлаудағы алғашқы қадамдары болды. Сол уақыттан бері көптеген спорттық бағдарлаудан өткен жарыстарға аудан педагогтері мен оқушылары қатысып, жақсы жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Көптеген спортшыларымыз облыстық спорттық бағдарлау додаларының жеңімпаздары атанды. Олар: Динара Изгалиева, Ерлан Умбеталиев, Жания Медетова, Асылжамал Андамасова, Альгина Мамышева, Аяла Закирова, Камила Бекбулсинова, Әдемі Андамасова және т.б. Қазіргі уақытта ауданда 3 полигон картасы бар. Тұрақты түрде «Жас туристер станциясы» жанынан ашылған 3 үйірмеде 45 оқушы айналысады. Аудандық деңгейде велосипед, шаңғы, жаяу жүгіру түрлері сияқты спорттық бағдарлау жарыстар үнемі ұйымдастырылады. Әр жарыс сайын 100-ге тарта спортшы өз бақтарын сынап, қатысушылар арасында жарысқа деген қызығушылықтары жоғары деңгейде болады. Алдағы уақытта аудан көлемінде бұл спорт түрінің дамуы жоғары деңгейге жетіп, болашағы зор екеніне сенеміз.



№1 (96)
ақпан 2022 жыл
СОҚПАҚ
ТРОПИНКА



# Туристік көпсайыс қашықтықтарында техникалық тәсілдерді орындау



**Бородулин В.В.**
«Спорттық туризм Федерация Ассоциациясы» ЗТБ-нің вице-президенті,
Шымкент қ.

**Карина Ж.М.**
ОБЖТжЭО-ның
аудармашы әдіскері,
Орал қ, БҚО.

ҚТО Президумының және ҚР Спорттық
туризм және туристік көпсайыс
Республикалық Федерациясының
2005ж. «17» желтоқсандағы №2 қаулысымен
БЕКІТІЛДІ:

***Аңдатпа***
*Бұл әдістемелік ұсынымда спорттық туризмнің әртүрлі түрлеріндегі туристік көпсайыс бойынша жарыстарда техникалық тәсілдердің қауіпсіздігі, сақтандыру шаралары және оның орындалуына қойылатын талаптар, сонымен қатар қолданылатын құрал–жабдықтардың техникалық сипаттамасы берілген. Әдістемелік ұсыным осы салада жұмыстанып жүрген қосымша білім беру педагогтары мен әдіскерлеріне арналған.*

***Аннотация***
*В данной методической рекомендации описаны требования к выполнению технических приемов, меры предосторожности на соревнованиях по туристскому многоборью в различных видах спортивного туризма, а также техническая характеристика применяемого оборудования. Методические рекомендации предназначены для педагогов и методистов дополнительного образования, работающих в данной сфере.*

***Кілт сөздері:*** *құрал – жабдықтар, қауіпсіздік, жеке сақтандыру, өзін - өзі сақтандыру, мұз құралдары, байламдар.*

**Жалғасы, басы алдыңғы санында**

3.4. Барлық байланған байламдар, соның ішінде бақылау байламының бос ұшы 50 мм, қос арқанда 80мм кем болмауы тиіс.

3.5. Барлық байламдар, қарама-қарсы, қарама-қарсы сегіздік, грейпвайн, бағыттаушы

- сегіздік, қос бағыттаушы, австриялық бағыттаушылардан басқаларының ББ (бақылау байламы) болуы керек.

3.6. Байламдар олардың пайдалану ұсыныстарына сәйкес қолданылады және жүктеледі.

3.7. Ерекше көңіл аударуды талап ететін, жарыстарда жиі қолданылатын байламдар:

- Тік байлам. ББ (бақылау байламысыз) және тіпті ББ-мен де жартылай тоқыма байлам түрінде де шешуге бейім;
- Шкоттық және брамшкоттық, тұйықталмаған ілмекке байланған (бағыттаушыға емес).
- ББ (бақылау байламысыз) және тіпті ББ-мен де жартылай тоқыма байлам түрінде де шешуге бейім;
- Тік периладағы булинь. Байлам ББ және тіпті ББ-мен де жартылай тоқыма, егер булинь салпыншағы ілмегіне қосымша күш тартылатын болса немесе ауыр заттар ілінетін болса қатысушылардың өзін – өзі сақтандыруы және т.б. байлам түрінде де,
- Булинь қатысушының кеуде байламы. Егер сақтандыру карабині байламның жұмыс істемей тұрған ұшына емес, оның кеуде ілмегіне байланса, байлам жұлқи көтеру кезінде шешіліп кетуі мүмкін.
- Үзеңгі, дөңгелек зырғанақ тірекке немесе

сырғауылға өз осінен айналдыра айналмалы, бұрылмалы байланса. Байлам одан арқанға күш түскенде шығып кетеді.

- Қос булинь ЖСЖ кеудедегі және беседкадағы тағылған, ЖСЖ ілмегіндегі, бөлек беседканы және кеуде белбеуін блокировкалау. Байлам, егер ол жеткілікті тартылмаса немесе сырғымалы өрілген арқанға байланса қауіпті. Сақтандыру карабинінің байлам ілмегіне немесе карабинге ілу кезінде (жумарда, аспалы өткелде және т.б.), күш түскенде байлам жие сырғыйды және қатысушының тірегі беседкадан алынып кеудеге ауыстырылады. Тар кеуде белбеуінде бұл кеудені қысу қаупі бар.

Айқастырылған байлам қос қабатты репшнурдан тұрады. Байлам қатысушылардың перилада сақтандырылуын қамтамасыз етпейді және бір қабатты арқанда ұсталмайды қауіпті. Өте қауіпті жағдай сол, бұл байлам тік перилада сенімді және сақтану үшін міндетті байлам ретінде көптеген тұжырымдамалар мен ережелерде кепілдік берілген.

**4. САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ӨЗІН ӨЗІ САҚТАНДЫРУ**

Қашықтықтан өткенде сақтандыруға және өзін – өзі сақтандыруға қойылатын талаптар – тәуелсіздік, сенімділік және үздіксіздік.

4.1. Қашықтықтың қауіпті аймақтарынан өткенде әрбір қатысушы өзін – командалық немесе төрешілік жоғарғы сақтанумен қамтамасыз етуі тиіс.

4.2. Сақтандыру арқандары және өзін - өзі сақтандыру белгіленген қатысушының ЖӨСЖ (жеке өзін-өзі сақтандыру жүйесінде) тек алдынан (ауырлық күші ортасынан жоғары) бекітіледі, тек өткелде батпақтан өтуде командалық сақтандыруды қоспағанда. Төрешілік сақтандыру қатысушының бөлек карабинінде.

4.3. Сақтандыруды қатысушыға бекіту төрешілердің бақылауымен орындалады.

4.4. Қатысушы төреші сақтандыруының қозғалыс кезінде дұрыс орналасуын қадағалайды.

4.5. Қашықтықтың қауіпті аймағында командалық және төрешілік сақтандыру болмаған жағдайда, қатысушы өзін-өзі сақтандыруға тұруы тиіс.

4.6. Сақтандыру және өзін – өзі сақтандыру қашықтық қызметі жарақтаған сақтандыру нүктелерінің қолданылуымен жүзеге асады.

4.7. Перила, біреуден артығырақ қатысушының өзін - өзі сақтандыруға арналған, екі қабат негізгі арқанда орындалады.

**4.8. Рұқсат етіледі:**

- сақтандыру жүйесінде тежелу құрылғысын қолданғанда бір қолмен сақтануға;
- алдын – ала сақтандыру арқанын бекітіп, арқанды және керек- жарақтарды түзетуге;
- ЖӨСЖ-е сақтандыру арқанының соңын бекітуге;

**4.9. Тыйым салынады:**

- қолдан сақтандыру арқанын босатуға немесе тежелу құрылғысын қолданбай бір қолмен сақтануға;
- айқастырылған байламда перилада батпақта қозғалуға;
- қолды карабиннен 30-50 см қашықтыққа қоюға, осы арқылы сақтандыруды жүзеге асыруға;
- тежелу құрылғысы болмаған жағдайда сақтандыру арқанында қолғапсыз жұмыс істеуге;
- сақтандыру карабинді $90^0$ артық қамту бұрышында қатысушыны сақтандыруға;
- өзін – өзі сақтандыруға ілмегімен қатысушының қолынан ұзынырақ тартылған айқастырылған байламды қолдануға;
- байламдарды орынсыз қолдануға;
- «өзін – өзі босату» байламдарын қолдануға (шартқа сәйкес);
- сақтандыру шынжырында және өзін-өзі сақтандыруда қысқыштарды қолдануға;
- түскенде қозғалысты реттеп тұратын, алдын ала бекітілмеген арқанды қолдан босатуға;
- сақтандыру аралықтарындағы пункттерді жіберуге;
- қорғаныш касқасыз қауіпті аймақтарда жұмыс жасауға;
- сақтандыру және өзін – өзі сақтандыру жүйесінде қажалатын, арқан өрімін бүлдіретін қабаттасқан арқандарды қолдануға;

**5. ТЕХНИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР**

**5.1. БІРІНШІ ҚАТЫСУШЫНЫ ӨТКІЗУ (батпақ)**

5.1.1.Бірінші қатысушы ағынға қарсы бағытталған батпақтан сырықпен өтеді. Қозғалыс «үш тактіде» жүзеге асырылады.

5.1.2. Негізгі арқанның көмегімен қатысушыны бір (тірек болғанда) немесе екі (тіреksіз) сақтандырады. Қоштаушы арқанмен (негізгі) бір қатысушыны сақтандырады.

5.1.3. Сақтандырушылар өзен ағысы бойынша өткелдегі орынға қатысты жоғары және төмен орналасады.

5.1.4. Сақтандырушылар арасындағы қашықтық өзен енінің жартысынан кем болмауы тиіс (егер мүмкін болса).

5.1.5. Сақтандыру арқандары қатысушының арқасына ЖСЖ-не карабинмен қатты бекітіледі.

5.1.6. Жіптің ұшы карабиндермен сақтандырушының ЖСЖ – не бекітіледі.

5.1.7. Сақтандыру қолмен жүзеге асады, сақтанушылар жол қапшықсыз және бетімен бағыттаушыға қарайды.

**5.1.8. Рұқсат етіледі:**

- сақтандыру арқандарының ұшы бекітілмейді,

№1 (96)
ақпан 2022 жыл
СОҚПАҚ
ТРОПИНКА

сондықтан қатысушының сақтандыруы әрбір бекітілмеген арқанда екі сақтандырумен жүзеге асырылады. Бекітілмеген арқанның ұшына бағыттаушы байламдар өріледі.

**5.1.9. Тыйым салынады:**

- тірекке бекітілген карабин арқылы қатысушыны сақтандыруға;
- қатысушыға сырғауылды сақтауға;
- тіректегі сақтандыру арқанының ұшын бекітуге;
- батпақтан аяқкиімсіз өтуге;

**5.2. БІРІНШІ ҚАТЫСУШЫНЫ ӨТКІЗУ (жұқа мұздан)**

5.2.1. Бірінші қатысушы жүксіз, қолдары шаңғы таяқтары бауларынан шығарылған,

5.2.2. Негізгі арқанның көмегімен қатысушыны бір (тірек болғанда) немесе екі (тірексіз) сақтандырады. Қосымша арқанмен (негізгі) бір қатысушыны сақтандырады.

5.2.3. Бірінші қатысушыны өзеннен өткізгенде (ағыстың болуы) сақтандыру арқаны ағыс бойынша мейлінше жоғары орналасады. Қоштаушы арқан ағыс сызығына перпендикуляр орналасқан.

5.2.4. Көлден, тоғаннан өткенде (ағыс болмағанда) сақтандыру арқаны қозғалыс сызығы бойынша орналасады, қоштаушы арқан әрірек алынып тасталған.

5.2.5. Сақтандыру арқандары қатысушының кеудесіне ЖСЖ-не карабинмен бекітіледі.

5.2.6. Арқанның ұшы карабинмен сақтандырушының ЖСЖ-не бекітіледі.

5.2.7. Сақтандыру қолмен жүзеге асады, сақтанушылар жол қапшықсыз және шаңғысыз және бетімен бағыттаушыға қарайды.

**5.2.8. Рұқсат етіледі:**

- сақтандыру арқандарының ұшы бекітілмейді, сондықтан қатысушының сақтандыруы әрбір бекітілмеген арқанда екі сақтандырумен жүзеге асырылады. Бекітілмеген арқанның ұшына бағыттаушы байламдар өріледі.

**5.2.9. Тыйым салынады:**

- тірекке бекітілген карабин арқылы қатысушыны сақтандыруға;
- тіректегі сақтандыру арқанының ұшын бекітуге;

**5.3. БІРІНШІ ҚАТЫСУШЫНЫ ӨТКІЗУ (өзен арқылы бөренеден)**

5.3.1. Бірінші қатысушы бөренеден жүксіз, өзіне ыңғайлы тәсілмен (аяқпен, бөрененің үстіне мініп және т.б.).

5.3.2. Негізгі арқанның көмегімен қатысушыны бір (тірек болғанда) немесе екі (тірексіз) сақтандырады. Қоштаушы арқанмен (негізгі) бір қатысушыны сақтандырады.

5.3.3. Сақтандырушылар өзен ағысы бойынша өткелдегі орынға қатысты бөрене деңгейінде немесе сәл төмен орналасады.

5.3.4. Сақтандырушылар арасындағы қашықтық өзен енінің жартысынан кем болмауы тиіс (егер мүмкін болса).

5.3.5. Сақтандыру арқандары қатысушының арқасына ЖӨСЖ-не карабинмен қатты бекітіледі.

5.3.6. Жіптің ұшы карабиндермен сақтандырушының ЖӨСЖ не бекітіледі.

5.3.7. Сақтандыру қолмен жүзеге асады, сақтанушылар жол қапшықсыз және бетімен бағыттаушыға қарайды.

5.3.8. Егер бөренеден судың жоғарысына дейінгі қашықтық 3м артық болса, жағалаудан сақтандырумен келе жатқан қатысушы төрешілік көлбеу түріндегі перилада және поводка шылбыр (өзінің ұзын өзін – өзі сақтандыруын қолдануға рұқсат етіледі) төреші сақтандыруымен міндетті түрде қамтамасыз етіледі;

Көңіл аударыңыз: Берілген перилаларды тірек ретінде қолдануға рұқсат етілмейді және төреші сақтандыруында ілініп тұрған болып есептеледі.

**5.3.9. Рұқсат етіледі:**

- қоштаушы арқанды қосымша тірек нүктесі ретінде қолдануға. Сонымен арқанның бос ұшы жағалауда екі қатысушының қолының көмегімен қатты ұсталады. Өткізіп тұрған қатысушы қолына қажетті артық арқанды жинайды және оны жаншып, бөренеге қарай бағытталады, өзбетінше қоштаушы (тірек) арқанның тарту күшін бақылауға – маятник әдісі;
- командамен бөренені салғанда керу – усьтарын қосымша тірек нүктесі ретінде қолдануға;

**5.3.10. Тыйым салынады:**

- бөрене үстінде кошкамен қозғалуға;
- тірекке бекітілген карабин арқылы қатысушыны сақтандыруға;
- сақтандыру арқанының ұшын тіректерге бекітуге.

**5.4. БІРІНШІ ҚАТЫСУШЫНЫ ӨТКІЗУ** (жыра, терең арналардан немесе бөренелерден)

5.4.1. Бірінші қатысушы жүксіз арна түбімен немесе бөренемен қозғалады, өзіне ыңғайлы әдіспен (аяқпен, бөрене үстімен және т.б.).

5.4.2. Бір (тіректің болуы немесе ілмектегі сақтандыру карабині) немесе екі (тірексіз) қатысушыны негізгі арқанның көмегімен сақтандырады.

5.4.3. Сақтандыру арқаны қатысушының кеудесіндегі ЖӨСЖ-не карабинмен қатты бекітіледі.

5.4.4. Екінші арқанның соңы сақтандырушының ЖӨСЖ-не немесе карабинмен тірекке бекітіледі.

5.4.5. Сақтандырушы бетімен бағыттаушыға қарайды.

**5.4.6 Рұқсат етіледі:**

- командамен бөренені салғанда керу – усьтарын

қосымша тірек нүктесі ретінде қолдануға;

**5.4.7. Тыйым салынады:**

- бөрене үстімен кошкамен (табанына «тырнақ» қағылған аяқкиім) қозғалуға;

**5.5. БӨРЕНЕ САЛУ**

5.5.1. Бөрене салу командамен бастапқы жағалаудан жармаға мақсатты жағалауда жүзеге асырылады.

5.5.2. Бөренені көтеру және салу бөрененің жоғарғы соңғы жағына бекітілген негізгі арқаннан керу – усьтарымен бақыланады.

5.5.3. Егер бөренені салу уақытында көрсетілген мақсатты жағалауда жармаға дәл келмесе, ол команданың күшімен бастапқы жағалауға тартылады және тәсіл қайталанады.

**5.5.4. Тыйым салынады:**

- бөрене салуды қолғапсыз өткізуге;
- арқанды қатысушыға бекітуге, оны денені айналдырып орауға;
- салу кезінде бөрененің астында немесе үстінде болуға.

**5.6. ПЕРИЛАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

5.6.1. Команда кедергілерді жою үшін перила негізгі арқан болып саналады

5.6.2. Перила тірек нүктелерінің және сақтандырудың рөлін атқарады.

**Ескерту:** Статикалық жүктелген бір қабат арқаннан, яғни шынжырлы көтергіштің көмегі-/мен тартылған, тұтқалардың белдік элементі болып табылмайды, өйткені олар МЕМСТ-қа (мемлекет. стандартқа) сәйкес рұқсат етілген бұзылу жүктемесінің қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейді.

5.6.3. Перила көлденең, еңкеу,тік еңкеу және тік болуы мүмкін.

Периладағы сақтандыру жылжымалы немесе бекітпелі өзін – өзі сақтандырумен қамтамасыз етіледі.

5.6.4. Полиспасты керілген арқанға бекітуде қолданылуы мүмкін:

- сақина, сегіздік, гүл күлте түріндегі құрылғы және т.б. (қысқыштардан басқа). Құрылғы арқан тұтамдарының сақталуын және қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс;
- диаметрі 6 мм кем емес жұмыс бөлімінде ілмектер екі тармақты репшнурдан жасалған айқастырылған байламдар.

5.6.5. Қатысушылар блоктардың периласы және полиспастар бойынша қозғалғанға дейін командамен тартуға қолданылатын, сонымен қатар олардың тартылған арқанға бекітуге арналған барлық құралдары алынып тасталуы тиіс.

5.6.6. Аспалы өткелдің керілген периласына қосу орынына орналастырусыз ілінген қатысушыны полиспастқа қосу құралдарын алып тастауға рұқсат етіледі.

5.6.7. Өзеннен бөренемен өтуді ұйымдастыруда перила бөренеден төмен ағыс бойынша орналасуы тиіс.

5.6.8. Баурайдан түсу кезінде периланы ұйымдастыруда, егер түсуді аяқтау аумағы қауіпті аймақта (қабырғада, сөреде және т.б.), перилалық арқанның төменгі ұшы бірінші қатысушыдан басқа қатысушыларға бекітілуі тиіс. Егер түсудің соңы қауіпсіз аймақта болса, онда арқанның ұшын бекіту міндетті емес.

**5.6.9. Рұқсат етіледі:**

- егер перила екі жағынан да қатты бекітілген болса, полиспасты бекіту құралын перилада қалдыруға.

**5.4.7. Тыйым салынады:**

- дара периланы полиспастпен керуге;
- периланы механикалық өзін өзі лақтыруда кідіртуге, аудармалы жабылмаған тұйық принципте жұмыс жасауға.

**5.7. ПЕРИЛАНЫ АЛУ**

5.7.1. Этаптың басында жұлып тастау арқанымен алдын ала жеткізілген периланы алу мақсатты жағынан жұмысшы арқанды жұлып тастау арқылы жүзеге асады. Жұлқу арқанының диаметрі шектелмейді.

**5.7.2. Рұқсат етіледі:**

- егер 5.7.1. пункті жарыс шарттарымен алдын ала келісілмесе, периланы алу этаптың бастапқы жағынан соңғы қатысушымен өткізіледі, сондықтан соңғы қатысушыға этаптан кеткенде, бірінші қатысушыға қатысты талаптарға;

**5.8. ПЕРИЛАМЕН ҚОЗҒАЛУ (батпақ, өзеннен бөренемен, сай, жыра, жар және жұқа мұзбен)**

5.8.1. Перилада батпақта қозғалу.

5.8.1.1. Қатысушы карабинмен өзін-өзі сақтандыруды перилаға іледі және ағыстан төмен перилада қозғалады.

5.8.1.2. Қатысушы командалық қоштаушы арқанды өзінің ЖӨСЖ не болмаса перилада сырғанап тұрған өзін-өзі сақтандыру карабиніне бекітеді.

5.8.1.3. Қоштаушы арқанның ұшы қатысушыға не тірекке бекітіледі.

5.8.1.4. Сақтандыру қолмен жүзеге асырылады.

5.8.1.5. Сақтандырушы перилада ағыстан жоғары орналасады.

**5.8.1.6. Рұқсат етіледі:**

- жолқапшықпен өтуге;
- 5.1... п. бойынша ұқсас соңғы қатысушыны өткізуге.

**5.8.1.7. Тыйым салынады:**

- тірекке бекітілген карабинмен қатысушыларды сақтандыруға;
- батпақтан аяқкиімсіз өтуге;

- қатысушының қолынан ұзынырақ тартылған өзін-өзі сақтандыруды қолдануға;

- өзін-өзі сақтандыруды айқастырылған арқанмен жүзеге асыруға.

5.8.2. Перилада, бөренеде өзен, жыралар арқылы қозғалу:

5.8.2.1. Команда ағыс болғанда, ағыстан төмен негізгі арқаннан көлденең периланы бөрене бойымен тартады.

5.8.2.2. Қатысушы өзін – өзі сақтандыруды карабинмен перилаға бекітеді және бөренемен қозғалады.

5.8.2.3. Әрі қарай 5.8.1.2., 5.8.1.3., 5.8.1.4., 5.8.1.6. и 5.8.1.7п. ұқсас.

5.8.3. Периламен жұқа мұз үстімен қозғалу.

5.8.3.1. 5.8.2 п.ұқсас

5.8.3.2. Жұқа мұзда қозғалғанда қатысушы шаңғымен өтеді, шаңғы бекітпесі әлсіз бекітілуі, қолдары шаңғы баулардан бос болуы тиіс.

5.8.4. Перилада бір қатысушыдан артық қатысушы болмауы тиіс.

**5.9. ПЕРИЛАМЕН АРҚАНДА ҚОЗҒАЛУ (параллель перила)**

5.9.1. Қатысушылар аяғымен төменгі арқанда тұрып және жоғарғы арқаннан қолымен ұстап өтеді.

5.9.2. Қатысушы өзін-өзі сақтандырумен міндетті түрде қосылатын жоғарғы арқан сақтандыру периласы болып табылады.

5.9.3. Қоштау 5.8.1.2. – 5.8.1.5.п. сәйкес жүзеге асады.

5.9.4. Перилада тек қана бір қатысушы болуы қажет.

**5.9.5. Рұқсат етіледі:**

- жолқапшықпен өтуге;

**5.9.6. Тыйым салынады:**

- қатысушының қолынан ұзынырақ тартылған өзін-өзі сақтандыруды қолдануға;

- өзін-өзі сақтандыруды айқастырылған арқанмен жүзеге асыруға.

**5.10. МАЯТНИКПЕН ӨТУ (жылғалардан, сайлардан)**

5.10.1. Жылғалардан, сайлардан маятникпен өтуді еңсерген қатысушы, өзін – өзі сақтандырумен маятник арқанына қосылуы тиіс. Қатысушы бастапқы жағалаудың қауіпті аймағы шекарасында болған кезде перила арқанындағы ілмек қатысушының кеудесінің деңгейінен төмен емес байлануы тиіс.

5.10.2. Қатысушы командалық қоштаушы арқанды өзінің ЖСЖ-е бекітеді, не маятник арқанына ілінген өзін-өзі сақтандыру карабиніне бекітеді.

5.10.3. Қоштаушы арқанның ұшы өзін-өзі сақтандыруда тұрған қатысушыға, не тірекке бекітіледі.

5.10.4. Қоштау қолмен жүзеге асырылады.

5.10.5. Маятникте бір қатысушы ғана өте алады.

**5. 10.6. Рұқсат етіледі:**

- өзін-өзі сақтандыру ретінде айқастырылған арқан қолданылады;

- тірек нүктелерін ұйымдастыруға қысқыштарды қолдану, бірақ өзін-өзі сақтандыруды қосу нүктесінен жоғары болмауы.

**5.11. АСПАЛЫ ӨТКЕЛДЕГІ ҚОЗҒАЛЫС**

5.11.1.Бірінші қатысушы қарама-қарсы бетке жарыстың белгілі (нақты) шарттарына сәйкес тәсілмен өтеді.

5.11.2. Қалған қатысушыларды өткізу.

5.11.2.1. Негізгі арқан мен карабиндерден қатысушыларды және жүктерді сақтандыруға және тасымалдауға арналған құрылғы жасалады – жүгіртпе.

5.11.2.2. Қатысушының әрекеті:

- перилада өзін-өзі сақтандыруға тұру, сондай-ақ:

- егер перила жалаң арқаннан жасалса, онда өзін-өзі сақтандыруға команда күшімен негізгі перилаға параллель тартылған қозғалмайтын арқан қолданылады; кейбір жағдайларда жарыстың белгілі (нақты) шарттарына сәйкес төрешілер бригадасының күшімен төрешілік сақтандыру арқаны тартылады, ол командаға этаптағы жұмыс басталғанша сақтандыру периласы ретінде ұсынылады; бұндай жағдайда этаптан өткеннен кейін команда тек, өздерінің этапта қолданған керек-жабдықтарын алып тастауы тиіс.

- егер перила қабатталған арқаннан жасалса, онда өзін-өзі сақтандыру екі арқанда да бір уақытта бір карабинмен қосылады;

- жүгіртпені ЖӨСЖ кеуде бекіткіші карабиніне бекіту;

- бірінші екі пунктін кері, не біруақытта жасауға рұқсат етіледі;

- ЖӨСЖ беседка карабині жүк периласына бекітіледі;

- қозғалысты бастау.

5.11.3. $20^{O}$ еңкеу өткелден өткенде:

- сақтандыру тежегіш құрылғысы арқылы және жағалау жағынан жоғары орналасқан жақтан жүзеге асады.

5.11.4. Кері бағытта периладан ажырату.

5.11.5. Егер қозғалыс блоктарда, кареткаларда жүзеге асатын болса, онда олар

2.4. п. талаптарына сай болуы тиіс.

5.11.6. Қоштаушы арқанның бос ұшы тірекке бекітілген. Оны өзін-өзі сақтандыруда тұрған қатысушыға да бекітуге болады.

5.11.7. Өткел жағдайы қанағатсыз болғанда (салбырау, тіректе бекіткіштің әлсізденуі), қатысушы суға батқандағы, топырақтағы қауіптілік немесе шығып тұрған заттар, кедергі шектелгенде

келесі қатысушы тек қосымша өткел тартылғанда жіберілуі мүмкін.

**5.11.8. Рұқсат етіледі:**

- жүкті бұралмаған карабин муфтасымен қозғауға;
- қатысушының аздаған жүгімен жүк перила-сымен қозғауға (бос жолқапшықпен, бекітілген белгіленген арқанмен және т.б.).

**5.11.9. Тыйым салынады:**

- жүк және сақтандыру периласын бірдей тірек станциясына бекітуге;
- негізгі арқанды немесе тіректерді бүлдіретін периланы керуге күшті қажет ететін механизмдерді қолдануға;
- өздері туғызған жүктемені бүлдіруі мүмкін (диаметрі 6мм көмекші арқанмен айқастырылған арқандардың жұмыс бөлігі ілмектерінің кескілен-ген жері 4 тармақтан азырақ, ал 8 мм – екеуден азырақ) немесе арқанды бүлдіруге (қысқыштарды және т.б.) керілген арқанға полиспасты бекітуге арналған құрылғыны қолдануға;
- ашық гактарда (темір ілмектерде), бұғақтау және т.б. көмегімен қашықтан байланатын түйін-дер айналмалы қапсырма принципі бойынша жұмыс жасайтын периланы өзін-өзі лақтыруға бекітуге;
- периланы керу кезінде қатысушының жүкті периламен қозғалуына;
- бір мезгілде біреуден артық қатысушыны жі-беруге;
- қатысушыны жіберуде арқанды басқа қа-тысушылармен немесе жүкпен жүктеуге (арқанды төмен тартуға, шатыстыруға);
- тірекке бекітілген карабин арқылы қатысу-шыны сақтандыруға;
- сақтандыру арқандарының ұшын тіректерге бекітуге.

**5.12. БАУРАЙЛАРМЕН ҚОЗҒАЛУ (көлбеу бұрышы 60$^{O}$ дейін)**

**БІРІНШІ ҚАТЫСУШЫНЫҢ КӨТЕРІЛУІ**

5.12.1. Бірінші қатысушы баураймен төменгі командалық сақтандырусыз альпеншток пен неме-се мұз шапқышпен сақтана отырып (қажеттілігіне қарай) жолқапшықсыз көтеріледі және перилалық арқанды ПС бекітеді (төрешілік немесе коман-далық сақтандыру келісілген шарттарға сәйкес) бекітіледі.

5.12.2. 5.4.3., 5.4.4.п. қараңыз.

5.12.3. Қатысушы қозғалыс кезінде команда-лық сақтандыру арқанын сақтандырудың (шарты-на сәйкес) аралық нүктелері арқылы тағады (ілмек және т.б.).

5.12.4. Егер командалық қауіпсіз аумақта ұйым-дастырылса (тегіс көлденең алаң), сақтанған қа-тысушыға өзін-өзі сақтандыру

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ПЕРИЛАМЕН КӨТЕ-РІЛУІ

5.12.5. Кейінгі қатысушылар репшнурдан бай-ланған және жұмыс бөлімінде төрт тармағы бар (яғни қатысушы мен перила арасында) айқасты-рылған арқанның көмегімен өзін-өзі сақтандыруды жүзеге асыра отырып периланы қолданып жоғары жылжиды. Айқастырылған арқанды өруге ар-налған ілмек ұзындығы, перилада байланған арқан созылған қолдың білегін жабуы тиіс.

5.12.6. Өзін-өзі сақтандыру қатысушының ЖӨСЖ кеуделік айқастырылғанына қосылады.

5.12.7. Жарыс шарттарына сәйкес жоғарғы ко-мандалық сақтандыруды қолданған жағдайда өзін-өзі сақтандыру қажеттілігі жоққа шығарылады.

**5.12.8. Тыйым салынады:**

- сырғымалы карабинде өзін-өзі сақтандыруға;
- айқастырылған арқанды алақанмен ұстауға;
- сақтандыру арқанын қатысушының аяғынан төмен салбыратуға;
- сол жердегі перила бөлігінде бір қатысушыдан артық болуға.

БІРІНШІ ҚАТЫСУШЫМЕН БАУРАЙДАҒЫ ТРАВЕРС

5.12.9. 5.12.1., 5.12.2., 5.12.3..ұқсас пункттер-де қатысушының қозғалуына және сақтануына қойылатын талаптар.

5.12.10. Қатысушының сақтандыруын ұйым-дастыру: ағаш, ілмек, карабинмен тірек ілмегі және т.б.арқылы жүзеге асады.

5.12.11. Бірінші қатысушы өткеннен кейін ко-манда перилалық арқанды бекітеді және келесі қатысушылардың сақтандыруын ұйымдастырады.

**5.12.12. Тыйым салынады:**

- аралық сақтандыру нүктелерін жіберуге.

БАУРАЙДАҒЫ ПЕРИЛА (ТАЯНЫШ) БОЙЫН-ША ТРАВЕРС

5.12.13.Перилада ағыту сақтандыруды (өзін-өзі сақтандыруды) жоғалтпай жүргізілуі тиіс.

5.12.14. Таяныштар бойынша сақтандыруды ұйымдастыру үшін қатысушы өз сақтандыруларын пайдаланады.

5.12.15. Қатысушы баурай бойымен қозғалғанда, оның орташа ауырлығы таяныштан жоғары болма-уын қадағалауы тиіс.

**5.12.16. Рұқсат етіледі:**

- егер байламдардағы қозғалыс шарттары ес-кертілген болса;
- таянышты қосымша тірек нүктесі ретінде қолдануға.

**5.12.17. Тыйым салынады:**

- бір таяныштың бір жергілікті бөлігінде бі-реуден артық қатысушыға жол берілмейді.

ТАЯНЫШПЕН ТҮСУ (спорттық әдіспен)

№1 (96)
ақпан 2022 жыл
СОҚПАҚ
ТРОПИНКА



# Туризм үйірмелерінің оқу бағдарламасы



**Сабитов А.Т.**
Бөрлі аудандық
ЖТС-ның ҚББП-і,
Орал қ., БҚО

**Сарсенгалиев Е.Б**
Бөрлі аудандық
ЖТС-ның ҚББП-і,
Орал қ, БҚО.

БҚО білім басқармасының Білім
беруді дамыту орталығының
сараптама кеңесінің шешімімен
облыс көлемінде таратуға ұсынылады.
Хаттама № 2 11.05.2020

***Андатпа***
*Авторлық бағдарлама туристік үйірмелерге қатысатын 12-16 жас аралығындағы аралас топтарға оқушылармен арналып құрылған. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес бағдарламаға туристік саланың әр-түрлі бағыттары бойынша теориялық және практикалық бағыттары енгізілген. Бағдарлама Бөрлі аудандық білім беру бөлімінің сараптама комиссиясының шешімімен ұсынылған. Туризм бағытында жұмыстанатын қосымша білім беру педагогтарына әдістемелік көмек құралы есебінде ұсынылып отыр.*

***Аннотация***
*Данная учебная программа рекомендована экспертной комиссией Бурлинского районного отдела образования. Программа предназначена в качестве методической помощи педагогам дополнительного образования по спортивному туризму. Программа составлена для учащихся 12-16 лет.*

***Кілт сөздері:*** *туризм, туризм үйірмелерінің оқу бағдарламасы, Жаяу туризм, шаңғы туризмі, велосипед туризмі, тау туризмі, су туризмі*

**Оқу жылына арналған тақырыптық оқу жоспары**
**II оқу жылы**

| № | Тақырыбы | Сағат саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | Теория | Практика |
| 1 | Ұйымдастыру бөлімі | 6 | 6 | - |
| 2 | Өмір қауіпсіздік ережелері | 9 | 9 | - |
| 3 | Жаяу туризмі. | 60 | 30 | 30 |
| 4 | Шаңғы туризмі. | 48 | 6 | 42 |
| 5 | Тау туризмі | 48 | 6 | 42 |
| 6 | Су туризмі | 9 | 9 | - |
| 7 | Велосипед туризмі | 36 | 3 | 33 |
| Барлығы: | | 216 | 69 | 147 |

**II оқу жылы**

| № | Тақырыбы | Сағат саны | | | Күні |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Барл. | теор | прак | |
| 1. | Ұйымдастыру бөлімі | **6 сағат** | | | |
| 1 | Топты жинақтау. Жұмыс жоспарымен, сабақ кестесімен танысу. | 3 | 3 | | |
| 2 | Туризм туралы түсініктерін жалғастыру | 3 | 3 | | |
| 2. | Өмір қауіпсіздік ережелері | **9 сағат** | | | |
| 3 | Жорықта оқыс оқиғалардың орын алу жағдайындағы қауіпсіздік ережесі. (су, вело, шаңғы, жаяу жорықтарында). Жарақаттану, күн сәулесі қызуының өтіп кетуі т.б. жағдайлардағы қауіпсіздіктің алдын-алу ережелері. | 3 | 3 | | |
| 4 | Жорықтағы тұрмыстық дағды кезіндегі өмір қауіпсіздік негіздері (тамақ дайындау, алау жағу, балта, ара саймандарымен жұмыстануда, ағаш ұсақтауда, т.б.) Жорықта қозғалыс кезіндегі жол қауіпсіздігінің алдын-алу ережелері. | 3 | 3 | | |
| 5 | Ормандағы өртке қарсы қауіпсіздік ережелері. Автокөліктегі өмір қауіпсіздік ережелерін сақтау. Өткенді қайталау сабағы. Тест жұмысы | 3 | 3 | | |
| **3. Жаяу туризмі** | | **60 сағат** | | | |
| 6 | Туризмнің түрлері. Жаяу туризм ерекшеліктері. Жорық туралы түсінік. Жаяу жорық кезіндегі қауіпсіздік ережелері | 3 | 3 | | |
| 7 | Туристтің жеке және топтық құрал-жабдықтары. Жорық сөмкесін жинау. Жорыққа алынатын азық-түлік түрлері | 3 | 3 | | |
| 8 | Тәрбиеленушілердің жорық алдындағы міндеттерін белгілеу Жорықтағы санитария гигиена ерекшеліктері. | 3 | 3 | | |
| 9 | Жаяу жорығын ұйымдастыру | 3 | 3 | | |
| 10 | Алаудың түрлері, жорықта немесе күнделікті өмірде алаудың түрлерінің қолданылуы реті | 3 | 3 | | |
| 11 | Түйін түрлері, түйіндердің қызметі. «Булинь» | 3 | 3 | | |
| 12 | Восьмерка, ткацкий, зайчие ущи | 3 | 3 | | |
| 14 | Стремя, проводник, прямой | 3 | 3 | | |
| 15 | Встречный, схватывающий | 3 | 3 | | |
| 16 | Академический, брамшкотовый. | 3 | 3 | | |
| 17 | Жіп жинау реті, жіптің қолданылу орны | **6** | | **6** | |
| 18 | Туристік құрал – жабдықтармен, саймандармен жұмыстану. Саймандарды уақытқа киіп үйрену. | 3 | | 3 | |
| 19 | Туристік техника кедергілерімен жаттығу. Кезеңдерді өздері құруға машықтану | 3 | | 3 | |
| 20 | Маятниктің көмегімен кедергі жолағынан өту техникасы. (самонаведение) | 3 | | 3 | |
| 21 | Чащоба кезеңін үйрену | 3 | | 3 | |
| 22 | Паралельді өткел техникасын құрып, өтіп үйрену | 3 | | 3 | |
| 23 | Траверс техникасын өтіп үйрену | 3 | | 3 | |
| 24 | Көлбеулі өткел өтіп үйрену | 3 | | 3 | |
| 25 | Аспалы өткел техникасын үйрету | 3 | | 3 | |
| **4. Шаңғы туризмі** | | **48 сағат** | | | |
| 26 | Шаңғы туризмінің ерекшеліктері. Шаңғы туризмі кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Алғашқы медицилалық көмек. | 3 | 3 | | |
| 27 | Шаңғымен өту жолын салу. Зардап шеккен адамды табу жолдары | 3 | | 3 | |
| 28 | Шаңғы туризмі техникасының элементтерін үйрену. | 3 | | 3 | |
| 29 | Серпантинмен әдісімен көтерілу | 3 | | 3 | |
| 30 | Еңісте түсуде қауіпсіз аймақта бұрылып тоқтау | 6 | | 6 | |
| 31 | Соқа жасау. Жартылай соқа жасап бұрылу | 3 | | 3 | |
| 32 | Слалом әдісімен түсу | 6 | | 6 | |
| 33 | Прусик қолданып төмен түсу | 3 | | 3 | |
| 34 | Прусик қолданып биікке көтерілу | 3 | | 3 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 35 | Шырша әдісімен көтеріліп 180$^0$С бұрылып саты әдісіне ауысу. | 6 | | 6 | |
| 36 | Сел қаупі бар аймақтан өту реті | 3 | | 3 | |
| 37 | Шаңғы жорығын ұйымдастыру | 3 | | 3 | |
| 38 | Шаңғы жорығының есебін жазуды үйрету | 3 | | 3 | |
| **5. Тау туризмі** | | **48 сағат** | | | |
| 43 | Тау туризмінің ерекшеліктері. Тау туризмі техникасы туралы түсінік жалғастыру. Тау туризмі техникасы кезіндегі қауіпсіздік ережесі. Жасанды жартаспен жұмыстану кезіндегі қауіпсіздік | 3 | 3 | | |
| 44 | Тау туризміндегі сақтандырудың түрлері және оның маңызы | 3 | 3 | | |
| 45 | Тау туризмі техникасының қашықтықтарымен танысу (орташа кезеңдері) | 3 | | 3 | |
| 46 | «Жеке» қашықтығына байланысты кезеңдермен танысу, қауіпсіз сақтандыру жолдары арқылы өту Көлбеу өткелді тарту | 6 | | 6 | |
| 47 | Жумармен көтерілу. Аспалы өткел | 6 | | 6 | |
| 48 | Жеке сақтандыру арқылы көлбеу өткелмен төмен түсу. | 6 | | 6 | |
| 49 | Жартаспен көтерілу. Аспалы өткел. Өз арқанымен төмен түсу. | 6 | | 6 | |
| 50 | Маятник. Антимаятник құрылымымен қауіпсіз жерге түсу. | 6 | | 6 | |
| 51 | Жасанды жартаспен жылдамдыққа көтеріліп үйрену. | 3 | | 3 | |
| 52 | Жасанды жартаспен қиындыққа көтеріліп үйрену. | 3 | | 3 | |
| 53 | Бөлімге шолу | 3 | | 3 | |
| **6. Су туризмі** | | **9 сағат** | | | |
| 54 | Су туризмінің ерекшеліктері. Су жорығы кезіндегі қауіпсіздік ережелері. | 3 | 3 | | |
| 55 | Су туризміне қатысты терминдермен танысу | 3 | 3 | | |
| 56 | Су жорығы кезіндегі қажетті құрал-жабдықтар | 3 | 3 | | |
| **7. Велосипед туризмі** | | **36 сағат** | | | |
| 57 | Велотуризм ерекшеліктері. Велосипед тарихы және даму кезеңдері. Веложорық кезіндегі қауіпсіздік ережелері. | 3 | 3 | | |
| 58 | Велосипедпен жолда жүру ережесі. Веложорыққа қажетті құрал-жабдықтар. Бір күндік веложорық ұйымдастыру. | 3 | | 3 | |
| 59 | Велосипедтің құрылысы, оны күту және жөндеу жұмысы, қажетті жөндеу құралдары. Велосипедте жүру техникасы, кедергілерден өту арнайы дайындық | 6 | | 6 | |
| 60 | Жеңілдетілген мәнерлеп жүру кезеңімен жалпылама танысу. | 6 | | 6 | |
| 61 | Жеңілдетілген велокросс кезеңімен жалпылама танысу | 6 | | 6 | |
| 62 | Жеңілдетілген велотриал кезеңімен жалпылама танысу | 6 | | 6 | |
| 63 | Бөлімге шолу | 6 | | 6 | |
| Барлығы | | **216** | **69** | **147** | |

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ**

**1 тақырып. Ұйымдастыру бөлімі**

Топты жинақтау. Жұмыс жоспарымен, сабақ кестесімен танысу, топтың аты, ұранын шығарып, жаттау. Кіріспе сабақ. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері. Үйірмешілерге берілетін разрядтар мен атақтар. Сабақтың мерзімділігі. Сабақты бастау үшін қажетті керек-жарақтар, киімдер мен аяқ киімдер. Техника қауіпсіздігі жөніндегі кіріспе нұсқаулар. Туризм түрлері мен ерекшеліктерін айыру. Қазақстан Республикасының туристік өңірлері жайлы ақпарат жеткізу. Туризмнің мақсаты мен мазмұнын түсіндіру. Туризмнің белсенді түрлерімен айналысу үшін республикамыздың оңтүстік шығыс, оңтүстік, шығыс, батыс, орталық облыстарының мүмкіндіктері.

**2 тақырып. Өмір қауіпсіздік ережелері**

Жорықта оқыс оқиғалардың орын алу жағдайындағы (су, вело, шаңғы, жаяу жорықтарында) қауіпсіздік ережесі. Жарақаттану, күн сәулесі қызуының өтіп кетуі т.б. жағдайлардағы қауіпсіздіктің алдын-алу ережелері. Жорықтағы тұрмыстық дағды кезіндегі өмір қауіпсіздік негіздері (тамақ дайындау, алау жағу, балта, ара саймандарымен жұмыстануда, ағаш ұсақтауда, т.б.). Ормандағы өртке қарсы қауіпсіздік ережелері есте сақтау. Жорықта, қозғалыс кезіндегі жол қауіпсіздігінің алдын-алу ережелері. Автокөліктегі өмір қауіпсіздік ережелерін сақтау.

**3 тақырып. Жаяу туризмі**

Туризмнің түрлері. Жаяу туризм ерекшеліктері. Жорық туралы түсінік. Жаяу жорық

